

«Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің білім
басқармасы» КММ
«Әдістемелік орталық»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі» КММ»



ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҚ

КГУ
«Методический центр»
КГУ «Управление
образования акимата
Северо-Казахстанской
области»



«Ұлттық құндылықтар- ұлттық идеяның өзегі» әдістемелік құралы



Петропавл қаласы, 2025 ж.

ББК 74.10

М-54

«Білім саласындағы әдістемелік жұмысы және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ сараптамалық кеңесінің шешімімен хаттама №4 05.05.2025 ж.

П-4-152

Рецензенттер:

Кульжанова Эсия Балтабаевна «Арман» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі
Смаилова Алия Абуталиповна, «Ақ бота» бөбекжай-бақшасы» МКҚК қазақ тілі оқытушысы

Автор-құрастырушылар:

«Ақ бота» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі, тәрбиешісі

Абилова Жанна Еркеновна, «Ақ бота» бөбекжай-бақшасы» МКҚК әдіскері,
тәрбиешісі Калиева Гульнар Ермековна, «Ақ бота» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК тәрбиешісі Айтимова Галия Ауезовна

Әдістемелік құрал: «Ұлттық құндылықтар-ұлттық идеяның өзегі».

Автор-құрастырушылар: Абилова Ж.Е, Калиева Г.Е, Айтимова Г.А. –
Петропавл қаласы, 71 бет.

Қысқаша аннотациясы: Әдістемелік құралда «Ұлттық құндылықтар-ұлттық идеяның өзегі» атты жобасында «Ақ бота» бөбекжай-бақшасы» МКҚК педагогикалық ұжымының іс-тәжірибесі енгізілген. Бұл әдістемелік құрал мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне, педагогтарына және ата-аналарға арналған. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін қамтамасыз ететін дидактикалық және дамытушы ойындар ұсынылған.



Мазмұны

Ұлттық тәрбие негізі-балабақшада Абилова Ж. Е.	4
Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі Калиева Г. Е.	9
Ұрпақ тәрбиесі-құндылық негізі Айтимова Г. А., Аскерова Г. Е.	11
«Сиқырлы асықтар» ойын жинағы Аскерова Г. Е.	14
«Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» Айтимова Г. А.	18
«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беруде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен цифрлық ақпараттық технологияларды интеграциялаудың тиімділігі» Дюсекина А. А.	22
«Ұшқыр ой» алаңы Рамазанова А. Ж.	31
«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Боранбаева Б. Т.	40
«Ұлттық тағам-ырысым» Есләмғази А. Т.	44
«Ұлттық тағамдар» ұйымдастырылған іс-әрекет Баякенова А. К.	46
«Салт-дәстүрім салтанатым» Сапиева А. С.	49
«Мақал-мәтелдер мен жұмбақтар-ұлттық тәрбие бастауы» Рамадинова Ш. Қ.	53
«Құмдағы оюлар» Мухаметкалиева А. А.	57
«Приобщение дошкольников к истокам национальной культуры через казахские народные игры» Кутушева Г. Ж., Кузнецова С. В.	61
«Бала мерген» Муканов Ж. К.	67
Қорытынды	70
Пайдаланылған әдебиеттер	71



АБИЛОВА ЖАННА ЕРКЕНОВНА,
«Ақ бота» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі
«Ұлттық құндылықтар ұлттық идеяның өзегі»
жобасының жетекшісі

Ұлттық тәрбие негізі - балабақшада

Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Қай елдің болмасын ірге тасы, жарқын болашағы - ұрпағы екені белгілі. Олай болса тілдің қадірін, туған жердің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ою-өрнегін, ұлттық аспабын, ұлттық тағамын, ауыз әдебиетін бала бойына жеткізе білу әр тәрбиешінің басты борышы. Осы орайда қазақ халқының бүгінге дейін қаймағы бұзылмай келе жатқан дәстүрлерін жас ұрпаққа ұлықтау.

Гүлденіп ой өлкесі деп, кемеңгер, дана ұлы Абай өлеңінде өрнектелгендей, ұрпақ жалғастыру адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатқан ең бір ғажайып құбылыс. Дана халқымыз дүниеге келген сәбиді бесік жырымен әлдилеген, алақанға салып аялаған. Тәрбиесіне жауапкершілікпен қараған. Бала бойына тек жақсы қасиеттерді сіңіруге тырысқан. Өйткені, «ұрпағымен мың жасайтынын» жақсы білген. Жаңа туған сәбидің тәрбиелі де саналы болып өсуі алдымен ата-анасына, сонан соң балабақша, мектеп, әлеуметтік ортасына тікелей байланысты. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі қай кезде де ең өзекті тақырып.

Қазіргі заманғы қоғамда ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту аса маңызды мәселелердің бірі болып табылатыны белгілі. Мектепке дейінгі білім беру саласында ұлттық тәрбие мен рухани байлықтарды келешек ұрпаққа жеткізудің маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық құндылықтарды насихаттау және патриоттық сезімдерді сіңіру жолында үлкен рөл атқаратыны белгілі. Мектепке дейінгі кезең – адамның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Осы кезеңде мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуының негізі қаланатыны баршаға аян. Баланың бойындағы ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы да осы кезеңнен басталады. Мектепке дейінгі мекемедегі баланың әлеуметтенуіне, оның өзін-өзі тануына және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға жол ашады.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жан-жақты дамуына бағытталған, мақсатты, жүйелі ұйымдастырылған тәрбие мен білім беру процесі болып табылады. Бұл бағдарлама балалардың денсаулығын, әлеуметтік дағдыларын, интеллектуалды қабілеттерін, шығармашылық дамуын қамтамасыз етуге арналған.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі компоненттері:

◆ Денсаулық сақтау және физикалық дамуы:

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған шаралар.

Спорттық ойындар, дене шынықтыру жаттығулары, серуендер мен ашық ауада болатын іс-шаралар.



◆ Когнитивті даму:

Балалардың ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтауын және танымдық процестерін дамыту.

Барлық дағдыларды дамыту мақсатында (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру және т.б.) тапсырмалар мен ойындар арқылы балаларға жеткізу.

◆ Әлеуметтік даму:

Балалардың өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

Топта жұмыс істеу, бір-біріне көмектесу, әділдік, достық, тәртіп сияқты әлеуметтік құндылықтарды меңгеру.

◆ Шығармашылық және эстетикалық даму:

Балалардың сурет салу, музыка, би, театр және басқа да шығармашылық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.

Эстетикалық көзқарастар мен өнерге деген қызығушылығын ояту.

◆ Эмоционалдық даму:

Баланың өзін-өзі тануы, эмоцияларын дұрыс танып-білуі және оларды реттеу дағдыларын меңгеруі.

Қарым-қатынас жасауда сенімділік, басқа адамдардың эмоцияларын түсіну.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының принциптері:

Жүйелілік: Барлық тәрбие элементтері өзара байланысып, тұтас жүйе ретінде жұмыс істеуі қажет.

Баланың жеке ерекшеліктерін ескеру: Әрбір баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдану.

Өзіндік даму мен белсенділікті қолдау: Балаларды өздігінен шешім қабылдауға, жаңа нәрселерді сынап көруге ынталандыру.

Қолайлы орта жасау: Балалар үшін қауіпсіз әрі шығармашылыққа қолайлы орта қалыптастыру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмысының негізі болып табылады және балалардың толыққанды дамуына жағдай жасайды.

Осы орайда біздің мектепке дейінгі ұйым да өз жұмысын бастап кеткен болатын.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын қамтитын «Ұшқыр ой алаңы», «SMART



BALA», «Балалар кітапханасы», «Еңбегі адал - жас өрен», «Шабьт» әлеуметтік жобалары жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталып, білім беру бастамасына айналды. Аты аталған әр жоба толықтай зерттеле келе өз алаңдарын ашты. Мәселен, «SMART BALA» инновациялық жобасы арқылы құндылықтарды дәріптейтін балаларға



арналған кабинет жабдықталып ашылды. Бұл жер балалар әртүрлі қызықты және білім беру іс-шараларымен айналысады. Бұл кабинет технологиялар мен цифрлық құралдарды қолдануға бағытталған, балаларға интерактивті оқыту, ойындар, кодтау, робототехника, сандық өнер және басқа да ғылым салаларында білім беру мүмкіндігін ұсынады. Балалар мұнда шығармашылық қабілеттерін дамытып, жаңа дағдылар мен технологиялармен таныса алады.



«Ұшқыр ой алаңы» жобасы – балаларға арналған шығармашылық және ғылыми-зерттеу алаңы болып табылады. Бұл жобаның мақсаты – балалардың ойлау қабілеттерін, тапқырлықтарын мен шапшаңдықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, өз ойларын еркін де шешен сөзбен дәлелдеуге үйрету, қызығушылықтарын арттыру.

Жоба балаларға ойлау қабілетін, шешім қабылдау дағдыларын дамытуға, ғылыми зерттеулер мен шығармашылық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл алаңда ата-аналар өз балаларының жетістіктерін арнайы QR код арқылы өтіп, әр ата-ананың қолында бар ұялы телефонмен көре алады.

Мектепалды топ арасында түрлі қызықты интеллектуалдық сайыстар да ұйымдастырылды.

«Шабьт» жобасы – шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған бастама. Бұл жоба негізінен жастарды, әсіресе балалар мен жасөспірімдерді өнер мен шығармашылыққа ынталандыруды мақсат етеді. Жобаның негізгі міндеті – жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін ашу, түрлі өнер түрлерімен таныстыру және шығармашылық жұмыстарға қатысу мүмкіндігін беру.

Жоба аясында балаларға арналған «Құм терапиясы» ашылды. Ол жерде балалар өнер арқылы өз пікірлерін білдіріп, қоғамда белсенді орын алу үшін қажетті дағдыларды меңгереді. Құм терапиясы – психологиялық, шығармашылық және



релаксация әдісі ретінде қолданылатын ерекше терапевтік процесс. Ол балалар мен ересектердің эмоционалды жағдайын реттеуге, ішкі толғаныстар мен стрессті жеңілдетуге көмектеседі. Құм терапиясы барысында құмды қолдана отырып, түрлі бейнелер мен ою-өрнектер жасау – балалардың ішкі әлемін түсінуге, эмоцияларын шығарып көрсетуге мүмкіндік береді.

Ою-өрнек жасау құм терапиясы



кезінде, бала өз сезімдерін, ойларын немесе мәдени-рухани дүниетанымын құмда бейнелейді. Құмға ою-өрнектер салу арқылы бала өзінің ішкі әлемімен байланыс орнатып, психологиялық тұрғыдан оң әсер алады.

«Шабыт» жобасы жастарға шығармашылықпен айналысуға кең мүмкіндік беру арқылы олардың өз-өзіне сенімін арттырып, шығармашылық саласында жетістіктерге жетулеріне ықпал етеді.

Балабақшадағы «Балалар кітапханасы»

балалардың оқу дағдыларын дамытуға және олардың шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін арттыруға бағытталған маңызды орталық. Бұл кітапхана балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалған кітаптар мен әдебиеттерді ұсынады. Мұнда балаларды кітаппен таныстырып, оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Балабақша кітапханасы көбінесе:

- ◆ Әңгімелер мен ертегілер: Балаларға қызықты әрі оңай түсінікті ертегілер мен әңгімелер арқылы оқу дағдыларын қалыптастырады.

- ◆ Оқу ойындары мен интерактивті материалдар: Кітапхана оқу ойындарын, түрлі интерактивті тапсырмаларды, көрнекі құралдарды пайдалана отырып балалардың қызығушылығын арттырады.

- ◆ Шығармашылық жұмыстар: Балалар кітаптардан алған білімдерін түрлі шығармашылық жұмыстарда қолдана алады, мысалы, сурет салу, ертегі құрастыру және т.б.

Тәрбиеленушілердің әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Еңбегі адал - жас өрен» жобасының аясында мамандықтарға арналған арнайы кабинет те өз жұмысын жасап жатыр.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы мамандықтарға байланысты балалар мен жасөспірімдерге әртүрлі кәсіби салалар туралы түсінік беру, еңбекқорлықты және әр мамандықтың маңыздылығын түсіндіруге бағытталған бастама. Бұл жоба балалардың еңбекке деген құрметін оятуға, олардың болашақта қандай мамандықты таңдағысы келетінін анықтауға және мамандықтануда жауапкершілік пен адалдықты қалыптастыруға көмектеседі. Біздің негізгі мақсатымыз балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстырып, олардың маңыздылығын, міндеттері мен жауапкершіліктерін түсіндіру.

Қорыта айтсақ, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында





жүзеге асырылып жатқан жұмыстар балаға рухани-адамгершілік тәрбие беріп қана қоймай, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие бағдарламасы ұлттық құндылықтарға бағытталған іс-әрекеттер мен оқу бағдарламалары арқылы балаларды отан сүйгіштікке, тіл мен мәдениетті құрметтеуге үйрететіні сөзсіз.





КАЛИЕВА ГУЛЬНАР ЕРМЕКОВНА,
әдіскер, педагог-модератор

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

Ұрпақ тәрбиесі – бұл ұлттың болашағын қалыптастырудағы ең маңызды міндеттердің бірі. Әрбір ұлттың болашағы оның жас ұрпағының тәрбиесіне байланысты. Ұрпақ тәрбиесі арқылы ұлттық құндылықтарды, мәдениетті және дәстүрлерді сақтау мен дамытуға болады.

Ұрпақ тәрбиесі – бұл тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Баланың алғашқы тәрбиесі отбасында басталады. Отбасы – баланың алғашқы мектебі, ал ата-ана – оның алғашқы ұстазы. Баланың мінез-құлқы, әдептілігі, адамгершілігі және мәдениеті отбасында қалыптасады. Сондықтан ата-ананың рөлі өте маңызды.

Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды сақтау ерекше орын алады. Ұлттық құндылықтар – бұл ұлттың мәдениеті, тілі, дәстүрлері және тарихы. Оларды сақтау арқылы ұлттың бірегейлігін және мәдениетін қорғауға болады. Балаларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу арқылы оларды өз мәдениетін құрметтеуге және оны сақтауға үйрету.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді біздің ғұламалар, қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік өсиеттерінен көреміз.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұштасуы тиіс. Халықтық әдет-ғұрып, салт-сананың байлығы, патриоттық сезім, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тең ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау қабілеттерін меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттер шешіледі. Халқымызда ерекше құрметтелетін адамшылдық қасиеттің бірі - ар болып есептеледі. Ары бар адамда намыста, әділдікте, адамгершілік пен имандылықта болары сөзсіз.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртың білдіруге ерекше көңіл бөлген.



«Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді ер азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл-жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, ел-жандылық, отан сүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген.

Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспау қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек.

Балабақшада жеті атаны үйрету — бұл балалардың ұлттық мәдениетін, тарихын, және қазақтың отбасылық дәстүрлерін түсінуіне септігін тигізетін маңызды процесс.

Балабақшада жеті атаны үйретудің бірнеше жолдары бар:

◆ Ойын арқылы үйрету: Балалар үшін қызықты әрі жеңіл тәсілдердің бірі — ойындар арқылы үйрету. Мысалы, ата-әжелер, әкелер, аналар мен балалардың суреттерін немесе қуыршақтарды қолданып, жеті атаны құрастыру.

◆ Қысқа әңгімелер мен ертегілер: Қазақ халқының тарихынан қысқаша әңгімелер немесе ертегілер арқылы жеті ата туралы түсінік бере аласыз. Бұл әңгімелер балалардың қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге көмектеседі.

◆ Өлеңдер мен жырлар: Жеті ата туралы өлеңдер мен жырлар жаттату балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға, сондай-ақ ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті оятуға көмектеседі.


◆ Әдебиеттер мен суреттер: Қазақтың жеті атасын түсінуге арналған кітаптар мен суреттер пайдалану. Мысалы, «Жеті ата» туралы кітаптар мен аталар мен әжелердің суреттерін көрсету.

◆ Отбасылық талқылаулар: Балаларды ата-аналарымен бірге өздерінің жеті аталарын анықтауға шақыру. Бұл жеке тәжірибе мен әңгімелесулер арқылы жеті атаның маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы, балабақшадағы жеті атаны үйрету балалардың ұлттық санасын қалыптастыруға және қазақ халқының дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталған өте пайдалы жұмыс.

Ұрпақ тәрбиесі — бұл ұлттың болашағын қалыптастырудағы ең маңызды міндеттердің бірі. Балаларды ұлттық құндылықтарға, мәдениетке және дәстүрлерге тәрбиелеу арқылы ұлттың бірегейлігін және мәдениетін сақтауға болады.





**АСКЕРОВА
ГУЛАЙЫМ
ЕРЖАНОВНА**
*тәрбиеші,
педагог-модератор*

**АЙТИМОВА
ГАЛИЯ
АУЕЗОВНА**
*тәрбиеші,
педагог-эксперт*



«Ұлттық тәрбие – құндылық негізі»

Тәрбие жайлы сөз қозғалса, айтар ой, айтылар ұсыныс көп-ақ. Әсіресе, ұлттың болашағына алаңдаған кезде халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәлім-тәрбиесін ұрпақ бойына сіңіру аса маңызды екенін түсінесіз. Әр ұлт өзіне тән ділімен, тәлім-тәрбиесімен ерекшеленеді емес пе?! Қазақи тәрбие – біздің ұлттық болмысымыз.

Ғасырлар бойы уақыт таразысынан өткен ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы үрдіс өскелең ұрпақ ұлттың сапасын айғақтайды. Осы ретте қазіргі заманауи білім мен ұлттық тәрбиені үйлестіре отыра, «Жаным – арымның садағасы» деген ата-бабаларымыз қастерлеген әдептілік, мейірімділік, ар-намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сынды қасиеттерді бойына сіңірген шығармашыл азаматты тәрбиелеу күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе. Қазақ халқы тәуелсіз ел болғалы бері көңіл түкпірінде жатқан, көкейде жүрген арман-тілегі – ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу жұмысы қарқын алды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ата-бабадан қалған мәдени-мұраны заман талабына сай жаңғыртып, насихаттау қажеттігін атап өткен болатын.

Жалпы адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас үштағаны деуге болады. Осылайша қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырамыз. Алайда жаһандық үрдіс бізді айналып өтпек емес. Салдарын күнделікті көзбен көріп жүрген жайымыз бар.

– Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі. Біз жастарды жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз, – деді Президент.

[\[https://youtu.be/ebjWGEcJ1wk?si=f-tGxtKWjJPJ5lue\]](https://youtu.be/ebjWGEcJ1wk?si=f-tGxtKWjJPJ5lue)

Ойшылдар да, халықтық педагогиканы зерттеп жүрген ғалымдар да: «Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста дамып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан елдің мәдени мұрасы» дегенді жиі айтады. Бүгінде өткеннің бай рухани мұрасын өн бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи үдерісті көзге елестету мүмкін емес.



Осы ретте елімізде «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған.

Ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», – деген. Шынында да, қазақтың жеті қат тарихына зер салсақ, ұлттық жанын білетін жандар ғана оның болашағына алаңдаған. Бүгінде ауызымыздан тастамайтын Алаш қайраткерлерінің қазақтың бірлігі, жердің тұтастығы үшін атқарған жанкешті қызметі бізге үлгі-өнеге болмақ. Бұл ненің айғағы? Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Кешегі Алаш зиялылары соның қайнарында сусындап, шөлін қандырған. Олардың өн бойында ұлттық құндылықтарымыз арқылы ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге таныту мүддесі жатты. Сондықтан да әрқайсымызды «кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба?» деген ой мазалауы керек. Себебі біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына. Кейде «ұлттық құндылық дегеніміз не?» деген орынды сауал туындайды. Менің ойымша, бірінші құндылық – тәуелсіздік және тарихи таным деп атаған жөн. Екіншісі – ел мен жер. Үшінші құндылық – тіл, әдебиет және руханият. Төртінші құндылық – ұлттық дәстүр және отбасы. Бесінші құндылық – білім мен біліктілік. Осы бесеуі қамтылған кезде сапалы, жаһандық бәсекеге қабілетті ұлттық сана қалыптасады. Ал ұлттық сана дегеніміз сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлауы. Осы ретте өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, дүниетанымына баса мән берген жөн. Бұл жұмыс отбасыдан, білім беру мекемелерінен басталуы керек.

Өз тәжірбиемізде біздің де балабақша бірнеше жыл көлемінде балаларға ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында көптеген іс-шаралар өткізді. Мәселен, «Біртұтас



тәрбие» бағдарламасы аясында «Даналық мектебі» құрылып, 3 клубқа бөлінген еді. Соның ішінде «Әжелер» клубы ұмыт болып бара жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртты. Клуб мүшелері балабақша тәрбиеленушілерінің әжелері. «Әжелер» клубының мақсаты балалардың тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізу және оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыру болып табылады. Міндеттері төмендегідей:

- ◆ Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым -қатынасты күшейте отырып тиімді модельдерді іздестіре отырып, баланың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ету.

- ◆ Балалардың ой өрісін кеңейту, дүниетанымын, этика- эстетикалық талғамдарын, ойлау қабілеттерін арттыру, ұлттық құндылықтарды саналарына сіңіру.

- ◆ Әдеп нормаларын ұстауға үйрету.

- ◆ Қазақ халқының әдет- ғұрпы мен салт -дәстүрлері туралы кең көлемді мағұлмат беру.

- ◆ Жан -жақты білімді болуға, дәстүрді құрметтеуге, сақтауға, имандылыққа баулу.

Клуб мүшелері мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысына белсене араласады. Көптеген іс-шараларға қатысады. Қазіргі таңда қыз бала тәрбиесін тиісті деңгейде жүргізу маңызды деп білеміз. Қыз – болашақ жар, ана, әже. Қазақ халқы: «Ер адам – ұлды тәрбиелейді, Әйел адам –ұлтты тәрбиелейді»,- деп ана тәрбиесін өте жоғары бағалаған. Біздің де мақсатымыз – ұрпақ жалғастығы. Бүгінгі күн мен өткен күнді байланыстыра отырып, қыздарға тәлім-тәрбие беріп, ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту.


«Ата дәстүр-ұлттық құндылық» атауы берілген арнайы кабинет те ашылып, балалар сол жерге келіп ұлттық ойындар ойнап, әженің ертегісін тыңдап, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бойларына дарытуда. Осы жасалып жатқан жұмыстарды одан әрі жалғастыруға «Біртұтас тәрбие» білім беру бағдарламасы мол мүмкіндік беріп отыр.

Бұл бағдарлама ұлттық, адами құндылықтарға негізделгендіктен атқарылып келген жұмыстармен тұспа-тұс болып, жоспарлар қатарын толықтыра түсті. Ұлттық мұраны қастерлейтін, мемлекеттік рәміздерді құрметтейтін, отаншыл және ел ынтымағын сақтай алатын болашақ ұрпақ тәрбиелеуге ықпал етіп отыр. Соны-



мен қатар, баланың бойына жақсы қасиеттерді дарытып, салауатты өмір салтын ұстануға, табиғатты аялауға деген сезімдерін оятуға ұмтылыс береді.

Ұлттық тәрбие- бұл көпжақты, үздіксіз, қоғамдық құбылыс. Сондықтан болашақ ұрпақ тәрбиесіне біртұтас ел болып ат салысу басты парызымыз!



АСКЕРОВА ГУЛАЙЫМ ЕРЖАНОВНА

Тәрбиеші, педагог-модератор

«Сиқырлы асықтар» ойын жинағы

Асық — қазақтың ұлттық ойындарының бірі, әрі дәстүрлі ойындарының маңызды бөлігі. Асықтың шығу тарихы тереңде жатыр. Ол ежелгі замандардан бері қазақ халқымен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді.

Асық ойындары көбінесе балалар мен жастар арасында танымал болды. Ойынның негізгі мақсаты — асықтарды лақтыру, жинау және түрлі ойын ережелері бойынша жарысу. Асықтың өзі — қой, ешкі, немесе басқа да малдың сүйегі, ол ойын барысында әртүрлі рөлдер атқарады.

Тарихи деректер бойынша, асық ойыны тек ойын-сауық емес, сонымен қатар жастардың дене шынықтыру, ептілік, тапқырлық, және стратегиялық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектесетін құрал болған. Асық ойындары қазақ халқының мәдениетінде, салт-дәстүрлерінде маңызды орын алады, және оларды қазіргі кезде де жастар арасында насихаттап, дамытуға тырысады.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «ұлттық ойындар — ұлт қазынасы» бағыты асық ойындарын әрі қарай дамытуға зор мүмкіндік берді. Асық қазақ халқының ұлттық ойындарының негізгі элементі болып табылады. Өз іс-тәжірбиемде ұмыт болып келе жатқан асық ойындарын қайта жаңғыртып, жаңаша технологияда қолдануды мақсат еттім.

Осы орайда асықпен ойналатын ойындарды жинақтай келе «Сиқырлы асықтар» қобдишасы жасақталып шығарылды. Алға қойған міндеттерім:

1. Асық ойыны барлық ережелерін, қыр — сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлерімен ерекшеліктерін білу.
2. Қазақтың ұлттық ойыны асық ойынын дәріптеу. Асық ойынының маңызы мен оның түрлерін анықтау.
3. Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуін жетілдіру. Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.



Өзектілігі: Балалар ойын ойнағанды жақсы көреді. Ойынның қызығына салынып кетсе, ойыншықтар қалып, ұялы телефонды көп қолданады. Баланың сөйлеу қабілеті де азайып, әрі бала денсаулығына зияны тиіп жатады. Осы орайда ұлттық ойынымыз асық ойындарын



ойнасақ, баланың тілін, қол моторикасын дамытамыз

Нәтижесі: Дидактикалық асық ойындары мектепке дейінгі балалардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Олар тек ойын ғана емес, сонымен қатар білім беру, дамытушы және тәрбиелік құралдар болып табылады. Міне, дидактикалық асық ойындарының мектепке дейінгі балаларға тигізетін әсері мен маңызы:

Асық ойындары балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында балалар шешім қабылдауға үйренеді.

Асықты сандармен жұмыс істеп, математикалық негіздерді меңгереді. Асықтарды лақтыру, жинау, орналастыру балалардың қол-аяқ моторикасын дамытады. Бұл дағдылар балалардың қозғалыс координациясын жақсартады. Ойын барысында балалар белсенді қозғалып, физикалық белсенділікті арттырады, бұл олардың денсаулығына оң әсер етеді.

Асық ойындары балаларды топта ойнауға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ынтымақтастыққа үйретеді. Олар бір-бірімен ойын барысында тәжірибе алмасып, достық қарым-қатынастарын нығайтады. Ойын барысында балалар бәсекелестік сезімін дамытады, жеңіске жету үшін тырысады, сонымен қатар жеңіліске де төзімді болуды үйренеді, бұл олардың эмоционалдық тұрақтылығын арттырады.

Асық ойындары балалардың қиялын дамытуға мүмкіндік береді. Олар ойын барысында түрлі сценарийлер мен жағдайларды ойлап, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыра алады. Ойын барысында балалардың тәртібі мен әдептілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олар ойын ережелерін сақтауды, әділ ойнауды үйренеді.

Дидактикалық асық ойындары мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуына, олардың әлеуметтік, эмоционалдық, физикалық және когнитивті дағдыларын жетілдіруге үлкен ықпал етеді. Ойындар балалар үшін білім алу мен дамудың қызықты әрі тиімді тәсілі болып табылады.

◆ «Асықты отау» ойыны

Міндеті: Балалардың ойлау қабілетін арттырады, шапшаңдыққа, тез шешім қабылдауға үйретеді.





Түстерді бекітуге көмектеседі. Киіз үй мен асықтар арқылы, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейді.

Барысы: Бес түс берілген, асықтарды бес түске сай жинап шығады.

◆ «Түрлі – түсті асықтардан моншақты тізбектеу»

Міндеті: Ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру. Асықтардың түсін, көлемін, пішінін тану арқылы ақыл -ой белсенділіктерін артыру.

Саусақ және қол моторикасын дамыту.

Барысы: түрлі түсті асық-моншақтарды түстеріне қарай жіптерге түзбектеу.

◆ «Қазақ елі» шеңбері

Міндеті: Баланың ойлау қабілетін дамытады,

Барысы: Алты ұяшық берілген, текшені лақтыру арқылы, әр ұяшықтың астындағы тапсырмаларды орындайды.

◆ «Адасқан түстер»

Міндеті: балалардың түстерді тану және есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстердің комбинациясын есте сақтауға және оларды қайталауға үйретеді.

Барысы: Түрлі – түсті асықтар берілген қарточканы көрсетіп, балалар берілген комбинацияны есте сақтау арқылы асықтарды ұяшыққа дұрыс орналастырады.

◆ Асықтармен сурет салу

Міндеті: Шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Барысы: Балалар асықтарды пайдаланып, түрлі суреттер немесе фигуралар салады. Бұл ойын балалардың шығармашылық ойлауын дамытады.



◆ Асықтармен әңгіме

Міндеті: Эмоционалдық даму, Балалардың тілдік дағдыларын, шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Барысы: Балаларға әртүрлі асықтар беріледі. Олар асықтарды пайдаланып, өздерінің ойынан әңгіме құрастыруы керек.

◆ «Қызықты алаң» ойыны

Міндеті: Асық ойындарын жаңаша технологиялармен біріктіру, ұлттық мұраны сақтап, оны балаларға қызықты түрде жеткізу. SMART- технологиясын пайдалана отырып, интерактивті ойын алаңдарын жасау.

Барысы: Жасанды интеллект «Алдар көсе» балаларға тапсырма береді, әр ұяшықтың тапсырмаларын орындайды.





◆ «Асықтармен әуенді ырғақты жаттығу

Міндеті: балалардың ырғақты сезіну және оған сәйкес қозғалу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттің дамыту.

Барысы: Балалар асықтардың көмегімен әуенді ырғақты жаттығу жасайды, қолдарындағы асықтармен «1-2-3-4» деп санау арқылы ырғақты соққылар жасайды. Бұл жаттығулар балалардың эмоциялық жағдайын жақсартуға көмектеседі.



АЙТИМОВА ГАЛИЯ АУЕЗОВНА

тәрбиеші, педагог – эксперт

Қазақтың ұлттық ою-өрнектері

Міндеті: Балаларға қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түрлері, шығу тарихы, мағынасы жайлы түсінік беру, ой-өрістерін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру. Ою-өрнек үлгілері арқылы әсемдікке, сұлулыққа, ұлттық өнерді құрметтеуге тәрбиелеу, эстетикалық талғамға сай жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу, мадақтау.

Көрнекі құрал: ою – өрнек үлгілері, геометриялық фигуралар, қағаз, түрлі – түсті қағаздар.

ҰӘІ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Психологиялық тренинг:

- Күнге қолдарыңды созыңдар. Күннің жомарт сәулелері ананың нәзік алақанындай аялайды, сипалайды, жылытады. Сиқырлы күн барлық өкпе мен мұңды ерітіп жібереді. Жүрегімізді жылу мен махаббатқа толтырады.

Барлығы: Күн жарығын алақанға саламын,

Жүрегіме басып ұстай қаламын.

Ізгі әрі нәзік, жарық, мейірімді,

Болып кетер сонда дереу жан – жағым.

- Міне, жүрегіміздегі осындай жылумен күнімізді бастаймыз. Олай болса, орнымызға жайғасып, тақтадағы ерекше әсем ою-өрнектерге назар аударайық. Қазақтың «ою» және «өрнек» деген сөзі бірге айтылып, латынша «орнамент» деген ұғымды білдіреді. Оның мағынасы – сәндеу, әсемдеу. Ою – өрнек қазақ даласында оқу – сызу пайда болмай тұрып, дүниеге келді десе де болады. Ою – өрнекті белгілі бір адам немесе қолөнер шеберлері ойлап тапқан жоқ, оны халық ойлап тапты. «Ою – өрнекті қайдан, кімнен үйрендің?» - деген сұраққа атақты суретші Әбілхан Қастеев,

«Таудың бұлағынан,

Қойдың құлағынан,

Апамның киізінен,

Ешкінің мүйізінен,» - деп жауап берген екен. Біздің ою-өрнегіміз ерекше. Оларды әшекейленген ұлттық киімдерден, тұрмыстық заттардан кездестіруге болады. (Оларды слайдпен экраннан көрсету).

Ою-өрнек түрлері: Қошқар мүйіз, түйе табан, құмырсқа бел, ботакөз.

- Балалар, «Қошқар мүйіз» оюы төрт түліктің бірі қошқарға ұқсайды. Бұл оюды киіздерге, текеметтерге, үй бұйымдарына қолданады. Бүгін сендермен ою-өрнектерді оюлап жапсырамыз және құрастырамыз. Сонымен қатар басқа да тапсырмалар орындаймыз.



Алдымен жұмбақ шешіп, сергіп алайық.

Сергіту сәті.

Жұмбақ шешу.

1. Бір нәрсе өзі биік, іші қуыс,
Ол заттың сүйегі бар айқыш-ұйқыш.
Көзі бар төбесінде жарқырайды,
Жайса үлкен, жиса бір-ақ уыс.
(Киіз үй).
2. Ішіне адам батпайды,
Затыңды аман сақтайды.
(Сандық)
3. Қыз есімімен аталатын өрнек.
(Ботакөз)
4. Қазақ оюының ең бір кең тараған үлгісі.
(Қошқармүйіз)

Топпен жұмыс.

Әр топқа тапсырма беру.

- 1-топқа: Ою-өрнек түрлерін сәйкес жануар түрімен топтастыру.
- 2-топқа: Берілген оюларды қиып жапсыру.
- 3-топқа: Дайын ою қиындыларынан өрнек құрастыру.
- 4-топқа: Ою-өрнектерді қағаз бетінде ермексазбен мүсіндеу.

♦ «Ою-өрнек лабиринті» ойыны

Міндеті: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар: Лабиринт түріндегі ою-өрнек беті.

Ойын барысы: Балалар лабиринтті шешу арқылы ою-өрнек бейнесін толықтырады. Әр бала лабиринтті шешкенде, жол бойында ою-өрнектер мен олардың элементтерін табуы керек.

Қорытынды. Жәрмеңкеде өз заттарын жарнамалап, бірінші сатуға талпыну қажет.

I – топ: сандықты.

II – топ: тақияны.





III – топ: қамзолды.

IV – топ: ыдыс–аяқты.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті аяқтау барысында балаларды мадақтау.

Ою-өрнекке байланысты қызықты ойындар

◆ «Оюды тап» ойыны

Міндеті: Балалардың ою-өрнектерді тану қабілеттерін дамыту. Қажетті құралдар: Ою-өрнек суреттері (қазақтың ұлттық оюлары).

Ойын барысы: Балаларға түрлі ою-өрнектердің суреттері көрсетіледі. Ойын жүргізуші белгілі бір оюды көрсетіп, балалар сол оюды тауып, атын айтып беруі керек. Мысалы, жүргізуші: «Қошқар мүйіз оюын тауып көр!» деп айтады, балалар сол оюды көрсетіп, атын айтады.

◆ «Оюды жина» ойыны

Міндеті: Балалардың көру және танымдық қабілеттерін дамыту, ою-өрнек элементтерін жинау арқылы оларды үйлестіру. Қажетті құралдар: Ою-өрнектің бөлшектері, жапсырмалар.

Ойын барысы: Балаларға ою-өрнектердің әртүрлі бөліктері (мысалы, жартылай дайын оюлар) беріледі. Олар осы бөліктерден толық оюды жинап, дұрыс үйлестірулері керек. Әр дұрыс жиналған ою үшін балаларға мақтау сөздер айтылады.

◆ «Оюды құрастыру» ойыны

Міндеті: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ою-өрнек композициясын құрастыру. Қажетті құралдар: Қағаз, түрлі түсті қарындаштар немесе маркерлер, ою-өрнек үлгілері.

Ойын барысы: Балаларға ою-өрнек үлгілері беріледі, бірақ олардың бір бөлігі ғана көрсетіледі. Олар сол үлгілерді қарап, қалған бөлігіне ұқсас оюды өздеріне салуы керек. Ойын соңында әр бала өз туындысын көрсетіп, қандай ою салғанын түсіндіреді.





◆ «Ою өрнегін салыстыр» ойыны

Міндеті: Ою-өрнектердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау, балалардың назарын шоғырландыру. Қажетті құралдар: Ұқсас және әртүрлі ою-өрнектердің суреттері.

Ойын барысы: Балаларға екі ою суреті беріледі. Олардың біреуі ұқсас, екіншісі өзгеше болады. Балалар осы екі оюдың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тауып айтуы керек. Ойынды дұрыс жауап берген балаларға сыйлық ретінде кішігірім тәттілер немесе жұлдызшалар беріледі.

◆ «Оюды аяқта» ойыны

Міндеті: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, оларды шығармашылыққа баулу. Қажетті құралдар: Жартылай дайын оюлар, қағаз, бояу.


Ойын барысы: Балаларға жартылай дайын ою үлгілері беріледі. Олар өз шығармашылығын пайдаланып, оюдың қалған бөлігін аяқтайды.

◆ «Ою-өрнек лабиринті» ойыны

Міндеті: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қажетті құралдар: Лабиринт түріндегі ою-өрнек беті.

Ойын барысы: Балалар лабиринтті шешу арқылы ою-өрнек бейнесін толықтырады. Әр бала лабиринтті шешкенде, жол бойында ою-өрнектер мен олардың элементтерін табуы керек.

Бұл ойындар балабақшадағы балаларға ою-өрнектер туралы білім беріп, шығармашылықтарын дамытып, қазақтың ұлттық мәдениетіне деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.



ДЮСЕКИНА АСЕЛЬ АСХАТОВНА

тәрбиеші, модератор

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беруде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен цифрлық ақпараттық технологияларды интеграциялаудың тиімділігі»

Өзектілігі: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында ұлттық құндылықтар мен цифрландыру саясаты негізінде интеграциялаудың мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиедеудегі маңыздылығы. Сондай-ақ цифрлы технологияларды тиімді пайдалану арқылы қарқынды дамуға қол жеткізу мәселелерін талдау болып табылады. «Smart Bala» жобасы – мектепке дейінгі жастағы балаларды заманауи әлемге дайындауға бағытталған тиімді құрал. Бұл әдістемелік нұсқаулық педагогтерге, ата-аналарға және әлеуметтік қызметкерлерге материалдарды тиімді пайдалануға көмектеседі. «Smart Bala» Мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуын цифрлық технологиялар арқылы қолдау.

Мақсаты: Балалардың танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық, тілдік және дене дамуын инновациялық әдістермен дамыту, олардың дағдыларын заманауи технологиялармен үйлестіре отырып қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балалардың ойлау, есте сақтау, логикалық қабілеттерін дамыту.
2. Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру (интерактивті ойындар, қосымшалар арқылы).
3. Ата-аналар мен педагогтердің білім беру процесіне активті қатысуын қамтамасыз ету.
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» сәйкес жеке тұлғалық дамуды қолдау.

Әдістемелік негіздер:

1. Геймификация: Білім алу үрдісін ойын форматында ұйымдастыру (мысалы, интерактивті тапсырмалар, виртуалды сыныптар).
2. Дифференциация: Әр баланың жеке қабілетіне байланысты тапсырмаларды құру.

Құралдар мен технологиялар:

- Интерактивті тақталар: Ойын-оқу материалдарын көрсету.
- Қосымшалар және платформалар: «Smart Bala» мобильді қосымшасы (логикалық ойындар, анимациялық әліппе, ауызша есептер).
- VR/AR технологиялары: Виртуалды экскурсиялар, 3D-объектілерді зерттеу.

Цифрлық сауаттылық пен ұлттық құндылықтарды интеграциялау қазіргі заманның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл екі ұғымды біріктіру арқылы қоғамның цифрлық әлемде тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз



етуге болады. Білім беру саласында жасанды интеллект пен цифрлық ақпараттық технологияларды қолдану балалардың жан-жақты дамуына, олардың оқу нәтижелерін жақсартуға және оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс қазіргі заманғы білім беру талаптарына сай келеді және болашақ ұрпақтың білімді, мәдениетті және шығармашыл болуына ықпал етеді.

Бұл өзгерістер білім беру жүйесіне, оқыту әдістемесіне тікелей ықпал етеді және өзгерістерге ұшыратады. Атап айтқанда, білімнің кез-келген уақытта кез-келген жерде қолжетімділігін қамсыздандырудың тиімді оқыту технологияларын іске қосады. Цифрлық технологиялар оқу процесін әр баланың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларда әртүрлі қарқынмен дамып, қызығушылықтары мен қабілеттері әртүрлі болған кезде өте маңызды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға осы қасиеттерді дарыту үшін әлбетте ойын әрекеті бірінші орында. Яғни, бүлдіршіндерге ұлттық нақыштағы дидактикалық, дамытушы ойындар жинақтары көмегімен, ертегі, мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ұлттық ойындар арқылы бойларына дарытамыз. Осы тұста биылғы жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізіліп, ұлттық тәлім тәрбие берудің аясы кеңіп, мағынасы тереңдей түсті. Біздің бөбекжай-бақшамызда ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына аса назар аударудық. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында «Smart bala» жобасы іске асырылды. Соған орай балабақшамызда «Цифрлық сауаттылық» кабинеті ашылды. Заман талабына сай цифрлық ақпараттық технологияларды жетік меңгерген ұрпақ тәрбиелеу үшін ұлттық құндылықтар мен инновациялық технологиялар арқылы интеграциялау үйлесімді дамуға оң әсерін тигізері сөзсіз. Ақпараттық технологиялар өмірдің барлық салаларына тамырын жайып үлгерген, сонымен қатар білім саласына да еніп отыр. Біздің басты мақсатымыз тәрбие мен оқытуда цифрлық технологияларды тиімді ұштастыру. Атап айтқанда, білімнің кез-келген уақытта кез-келген жерде қолжетімділігін қамсыздандырудың тиімді оқыту технологияларын іске қосады. Мәселен, ұлттық жәдігерлерді 3D бейнесінде зерттеу құндылықтарды игеруге деген қызығушылықтарын арттырады. Біз өз балабақшамызда жасанды интеллект, AR-VR виртуалды шынайлық, Mozaik 3D app, Cosparse бағдарламаларымен жұмыс жасап келеміз. Білім берумен қатар ұлттық тәлім -тәрбие беруде цифрлық ақпараттық технологияларды ұштастырып қолдану аясы да кеңейтіп нәтижелерге жетіп отырмыз. Цифрлық ақпараттық технологиялар арқылы ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді балаларға жеткізу оңайырақ болады. Мысалы, мультимедиялық материалдар арқылы ұлттық ертегілерді, әндерді, билерді, халық фольклерін



бағдарлауға болады. Ұлттық нақыштағы дамытушы ойындарды Cospase бағдарламасы көмегімен жандандырып балалардың танымдық, зияткерлік қабілеттерін артыруға септігін тигізсе, осы бағдарлама көмегімен ұлттық аспаптарымыздың күмбірін генерациялап балалар ерекше сезімге кенеліп, күй күмбірін ұйып тыңдауға қызығушылықтарын арттырады. Еліміздің табиғи қорлары мен әсем жерлеріне AR-VR виртуалды шынайлық арқылы балбақшадан шықпай экскурсия ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Mozaik 3D app білім беру платформасы арқылы киіз үй, кесенелер, төрт түлік мал, тарихи жәдігерлерді 3 d бейнесінде зерттеп оларды есте сақтау жеңіл болады. Бұл балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға және оларды өз мәдениетіне құрметпен қарауға үйретеді. Интерактивті ойындар мен қосымшаларды пайдалану оқу процесін қызықты және тиімді етеді. Балалар ойын арқылы білім алуға ықпал етеді. Цифрлық ресурстар балаларды қосымша оқыту және дамыту үшін тәрбиешілерге де, ата-аналарға да пайдалана алатын оқу материалдарының үлкен көлеміне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Ұлттық ойындар әлеміне виртуалды саяхат»

Міндеті:

- Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру.
- Ұлттық мәдениетке құрмет пен қызығушылық қалыптастыру.
- Ойын барысында ұжымдық жұмыс пен қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту.

Іс-әрекет кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут):

1. Балаларды көңілді қарсы алу және олардың назарын тақырыпқа аудару.

2. Балаларға қысқаша сұрақтар қою:

- «Қандай ойындарды білесіңдер?»
- «Ұлттық ойындар туралы естігендерің бар ма?»

3. Саяхатқа қызықтыру үшін мультимедиа арқылы ұлттық оркестрдің әуенін қосу.

II. Негізгі бөлім (20 минут):

1. Виртуалды саяхаттың басталуы:

- Cospaise бағдарламасын қолдана отырып, балаларды 3D кеңістіктегі «Ұлттық ойындар әлеміне» енгізу.
- Әлемнің картасы арқылы саяхат бағытын бірге таңдау (мысалы, «Асық ату алаңы», «Қыз қуу жарысы», «Теңге алу аймағы»).

2. Әр ойынды таныстыру:

- Асық ату:
- 3D бейне арқылы асықтың түрлерін және





ойнау тәртібін көрсету.

- Виртуалды тәсілмен асық атып, нысанаға тигізуді үйрету.
- Қыз қуу:
- Балалар анимация арқылы жігіт пен қыздың жарысын көреді.
- Виртуалды түрде өздері де ойынға қатыса алады.
- Теңге алу:
- Бағдарламаның интерактивті функциялары арқылы «теңгені» жинау және ұпай

жинау.

3. Балалардың белсенді қатысуы:

- Әр бала виртуалды ойындарға кезек-кезек қатысады.
- Тапсырмаларды орындау арқылы ұпай жинау және сол арқылы саяхаттың

барлық аймақтарын зерттеу.

III. Қорытынды бөлім (10 минут):

1. Қорытынды әңгіме:

- Балалардан әсерлерін бөлісуді сұрау: «Қай ойын саған ұнады?», «Не үйрендің?»
- Ұлттық ойындардың маңыздылығы туралы бірге талқылау.

2. Мадақтау мен сертификаттар тарату:

- Виртуалды саяхатқа қатысқаны үшін балаларға «Ұлттық ойындардың білгірі» деген шағын сертификаттар беру.

3. Балалардың сүйікті ұлттық әуенін қосып, қысқа би ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар ұлттық ойындар туралы біледі және оларды ойнау дағдыларына ие болады.
- Ұлттық құндылықтар мен мәдениетке деген қызығушылық артады.
- Балалардың виртуалды ортада креативтілік пен ұжымдық жұмыс қабілеті дамиды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

«Киіз үй – асыл мұра»

- Балаларға қазақ халқының дәстүрлі баспанасы – киіз үйдің ерекшеліктерін таныстыру.

- Ұлттық мәдениетті сүю мен сыйлауға тәрбиелеу.
- Кеңістіктік ойлау және моторика дағдыларын дамыту.

Іс-әрекет кезеңдері:



I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут):

1. Балаларды жылы қарсы алу.
2. Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін «Кел, ойнап көрейік!» атты шағын ұлттық әнді қосу.
3. Киіз үйдің маңыздылығы туралы қысқаша әңгіме: оның тарихы, құрылымы және тұрмыстағы рөлі.

II. Негізгі бөлім (20 минут):

1. 3D киіз үймен танысу:

- Mozaika қосымшасын пайдаланып, балаларға киіз үйдің 3D моделін көрсету.
- Киіз үйдің әр бөлігін (шаңырақ, кереге, уық, есік) таныстыру және олардың маңызын түсіндіру.

2. Интерактивті тапсырма:

- Балаларға виртуалды түрде киіз үй құрастыру ұсынылады.
- Mozaika платформасы арқылы балалар керегелерді дұрыс орналастыру, уықтарды қою, шаңырақты орнату секілді әрекеттерді орындайды.

3. Шығармашылық тапсырма:

- Балаларға киіз үйдің ішін ұлттық нақыштағы заттармен (жастық, сырмақ, төсеніш) безендіру тапсырмасы беріледі.
- Бұл іс-әрекет балалардың шығармашылық қабілетін арттырады.

III. Қорытынды бөлім (10 минут):

1. Балаларға «Киіз үйде» ойын ойнауға ұсыныс:
- Балалар виртуалды ортада киіз үйге кіріп, оның ішінде әртүрлі ұлттық заттарды табады.
2. Қатысушыларды мақтап, олардың жұмыстары үшін алғыс айту.
3. Киіз үй туралы шағын викторина: балалардан кереге, шаңырақ секілді бөліктерді атауды сұрау.
4. Барлық балаларға шағын сыйлық ретінде ұлттық өрнек суреті бар жапсырмалар тарату.



Күтілетін нәтиже:

- Балалар киіз үйдің негізгі бөліктерін үйренеді.
- Ұлттық мәдениетке қызығушылығы артады.
- Шығармашылық пен кеңістіктік ойлау дағдылары дамиды.



Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Қазақтың ою-өрнектер әлемі»

Міндеті:

- Балаларды қазақ халқының ою-өрнектерінің түрлерімен таныстыру.
- Эстетикалық талғамды қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- Ұлттық мәдениетке деген құрмет пен қызығушылықты арттыру.

Іс-әрекет кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут):

1. Балаларды қарсы алу және жылы атмосфераны қамтамасыз ету.
2. Балаларды интерактивті тақтада ою-өрнектің суреті арқылы қызықтыру:
 - «Осы суреттің қандай бөліктерін байқадыңдар?»
 - «Қазақ халқының ою-өрнектері не үшін қолданылғанын білесіздер ме?»
3. Әуенді фонға ұлттық күйлер қосу.

II. Негізгі бөлім (20 минут):

1. Виртуалды саяхат бастау:

- Интерактивті тақтада 3D бейне арқылы ою-өрнектер әлеміне «саяхатқа» шығу.
- Балаларға оюлардың негізгі түрлерін көрсету: «Қошқар мүйіз», «Түйе табан», «Гүл», т.б.

2. Ою-өрнектерді зерттеу:

- Әр оюдың мағынасын интерактивті түрде түсіндіру:

- «Қошқар мүйіз» – байлық пен молшылықтың белгісі.

- «Гүл» – әсемдік пен табиғаттың символы.

- Балалардан сұрақтар арқылы олардың ойларын есту.

3. Интерактивті тапсырма:

- Оюларды «құрастыру» ойыны:
- Интерактивті тақтада балалар әртүрлі ою бөліктерін біріктіріп, толық өрнек жасайды.
- Тапсырма орындалған сайын арнайы дыбыс арқылы мотивация беріледі.

4. Шығармашылық жұмыс:

- Ою-өрнектерді өздері жасау:
- Балаларға экранда бояу, салу функциялары ұсынылады.

- Әр бала өзінің оюын жасап, оны экранда көрсетеді.

III. Қорытынды бөлім (10 минут):

1. Қорытынды талқылау:

- Балалардан олардың ою-өрнектер жайлы әсерін сұрау.





«Қай ою саған көбірек ұнады?» немесе «Ою-өрнектерді қайда қолдануға болады?» деген сұрақтар қою.

2. Мадақтау және сыйлықтар:

- Балаларға «Ою шебері» деген сертификаттар немесе ұлттық оюлардың суреті бар жапсырмалар тарату.

- Қысқаша ұлттық би ұйымдастыру немесе музыка қосып, ойын өткізу.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар қазақ халқының ою-өрнектері туралы мағыналы білім алады.

- Шығармашылық және эстетикалық қабілеттері дамиды.

- Ұлттық мәдениетке қызығушылықтары артады.



Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Күй әлемінің сырлары»

Міндеті:

- Балаларды қазақ халқының күй өнерімен таныстыру.

- Музыкалық аспаптарды және олардың маңызын түсінуге көмектесу.

- Танымдық қабілеттерін дамыту және ұлттық мәдениетке деген құрметті арттыру.

Іс-әрекет кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут):

1. Балаларды PowerPoint-тегі интерактивті ойынға қызықтыру:

- Экранда домбыра мен қобыздың суретін көрсету.

- Сұрақ қою: «Бұл музыкалық аспаптардың аты қандай?», «Оларды не үшін қолданады деп ойлайсындар?»

2. Балаларға тақырыпты қысқаша таныстыру: күй — қазақ халқының рухани мұрасы.

Негізгі бөлім (20 минут):

1. PowerPoint интерактивті тапсырмалар:



- Слайд 1: Күй туралы мультимедиялық қысқаша ақпарат. Музыка ойнайды, ал балалар күйге қатысты суреттерді қарайды

- Слайд 2: Музыкалық аспаптарды тану ойыны. Экранда домбыра, қобыз және басқа аспаптардың суреттері шығады, балалар олардың атын тауып, экрандағы батырманы басады.



Слайд 3: Музыкалық аспаптың дыбысы. Балалар дыбысты тыңдап, оның қай аспапқа тиесілі екенін анықтайды.

2. Интерактивті тапсырма:

- Балалар виртуалды түрде күй ойнау элементтерін орындайды. Power Point-тегі «Домбыра шерту» батырмасын басқан сайын күй әуен шығарады.

3. Шығармашылық тапсырма:

- Балаларға домбыра немесе қобыздың суретін түрлі түсті құралдармен бояу ұсынылады. PowerPoint-де интерактивті бояу функциясын қолдану арқылы олар суретті бояу.

III. Қорытынды бөлім (10 минут):

- PowerPoint арқылы күйге қатысты сұрақтар мен жауаптар:

- «Қандай аспап күй ойнайды?»

- «Күйдің әуені бізге не жеткізеді?»

- Балалардан өз ойларын бөлісуді сұрау.

2. Мадақтау:

- Балаларға «Күй білгірі» деген сертификат және домбыра бейнесі бар жапсырмалар беру.


- Күй күмбірін қосып, балалармен бірге қысқаша билеу.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар күй өнері және музыкалық аспаптар туралы білім алады.

- Шығармашылық және музыкалық қабілеттері дамиды.

- Ұлттық мәдениетке қызығушылығы артады



Ұйымдас­ты­рыл­ған іс-әре­ке­ті

Тақырыбы: «Төрт түлік мал және олардың төлдері»

Міндеті:

Балаларды төрт түлік мал және олардың төлдерімен таныстыра отырып, олардың ұлттық мәдениеттегі маңызы туралы түсінік беру. Заманауи технологияларды пайдалану арқылы балалардың білім алу үдерісін қызықты әрі танымдық ету.

Қажетті құралдар:

- AR-VR Studio платформасы немесе қосымшасы
- Төрт түлік және төлдерінің AR немесе VR модельдері (жылқы, құлын, түйе, ботақан, қой, қозы, сиыр, бұзау)

- Балаларға арналған планшеттер.

- Түрлі түсті қағаздар, фломастерлер, жапсырмалар

- Қазақтың ұлттық музыкасы («Салтанат» күйі)

Іс-әрекет кезеңдер

1. Кіріспе бөлім (10 минут)



- Балаларға төрт түлік туралы шағын әңгіме айту: олардың ұлттық мәдениеттегі маңызы, төрт түлік туралы мақал-мәтелдер.

- AR-VR Studio көмегімен төрт түлік пен олардың төлдерін жандандыру, балаларға олардың қозғалыстары мен дыбыстарын көрсету.

- Сұрақ қою: «Төрт түліктің қайсысы сендерге көбірек ұнайды?»

2. Негізгі бөлім (20-25 минут)

- Шығармашылық тапсырма: Балаларға өздері тандап алған төрт түліктің немесе төлдерінің суретін салуды немесе аппликация жасауын ұсыну.

- Танымдық ойын: VR көзілдіріктерді киіп, төрт түліктің қай аймақта өмір сүретінін анықтау арқылы виртуалды саяхат жасау.

- Белсенділік: AR-VR Studio арқылы әр бала өз төлін қоректендіру ойындарына қатысады.


- Әңгімелеу: Балаларға малдың төлдері қалай өседі, қандай күтім қажет екені жайлы қызықты деректер беру.

3. Қорытынды бөлім (10 минут)

- Балалар өз әсерлерімен бөлісіп, төрт түлік туралы не ұнағанын айтып береді.

- Әр балаға төрт түлік пен төлдері бейнеленген шағын сыйлық беру.

- Қазақтың ұлттық күйі немесе әнімен шағын би ұйымдастыру.





РАМАЗАНОВА АЙЖАН ЖАСУЛАНОВНА
бірініші санатты тәрбиеші

«Ұшқыр ой алаңы»

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында бақшамызда арнайы бұрыштар ашылған болатын. «Ұшқыр ой алаңы» жобасымен балабақшамызда жұмыс жасап келеміз. Оның басты мақсаты- тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. Балаларды заман талабына сай әр саладағы білімдерін кеңейте отырып, білім деңгейін байқау. Ұлттық мәдениет құндылықтарын бойларына сіңіре отырып, балалардың тапқырлығын анықтау. Ойлау қабілеттерін жетілдіре отырып, сөйлеу шеберлігін, танымдылығын анықтау. Ойлау қабілеттерін жетілдіре отырып, сөйлеу шеберлігін дамыту, жарыста жеңімпаз болуға ұмтылдыру. Алған білімдерін қолдана білуге тәрбиелеу.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында балабақшамызда күнделікті түрлі шаралар, зияткерлік ойындар өткізіліп тұрды.

«Құпия сандық». «Ойлан, тап», «Айшықты сөздер», «Көрерменнен базарлық», «Ғажайып алаң», «Тапқыр топ» атты интеллектуалды жарыс, зияткерлік ойындар, сайыстар өткізілді.

Міндеті:

-топпен қарым-қатынас арқылы бір шешімге келе алуға, өз ойын ортаға салуға және ұйымшылдықты нығайтуға тәрбиелеу;

-математикалық тапсырмалар мен логикалық тапсырмалардың ерекшеліктерін бағдарлап, мәдени түрде жауап беру, ой ұшқырлығы мен шешендік сөйлеуді қоса игеруге баулу.

«Ою ойғанның ойы ұшқыр» интеллектуалды жарыс өткізілді.

Міндеті: балалардың ұлттық ою - өрнек туралы білімдерін тереңдетіп, халықтың тұрмыс - салт дәстүріне қызығушылықтарын ояту, қабаттап бүктелген қағаздан ою - өрнектерді қию арқылы бейнелеу өнерінің жаңа тәсілдерімен таныстыру.

«Ұшқыр ой мен шешен тіл» атты зияткерлік ойын да нәтижелі болды.

Міндеті: балалардың ойлау қабілеттерін, тапқырлықтарын мен шапшаңдықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, өз ойларын еркін сөзбен дәлелдеуге үйрету, тілге қызығушылықтарын арттыру.





логикалық тапсырмалардың ерекшеліктерін бағдарлап,
мәдени түрде жауап беру, ой ұшқырлығы мен шешендік сөйлеуді қоса игеруге
баулу.

Ұйымдастыру кезеңі.

Топпен шешім таба білу;

Жауабымызды толық әрі дұрыс шешендікпен дәлелдеу;

Шапшаң ойлап, тез жауап беру;

Түрлі тапсырмаларды түсініп, ереже бойынша орындау;

Логикалық тапсырманы тереңнен ойлау;

Бір-бірімізге сыйластықпен қарау;

Топтың ұйымшылдығын көрсету;

Бәріміз де қатысуға тырысу.





Ертегі кейіпкерлерінің бойындағы үлгі аларлық қасиеттер

Қазақ халқының ертегілері қазақ мәдениетінің бай мұрасы болып табылады. Бұл ертегілер халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері мен дүниетанымын айқын көрсетеді. Қазақ ертегілері көбінесе адамның табиғатпен, қоғаммен қарым-қатынасын, әділдік, батырлық және адамгершілік құндылықтарын суреттейді. Ертегілерге деген

қызығушылықтан оны зерттеуге деген ниет туындады. Барлық әлемде ертегісі жоқ ел жоқ. Бірақ әр елдің әр халықтың ертегілері сол халықтың сарқылмас рухани қазынасы. Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ертегінің алатын ролі өте зор. Ертегі–қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та ол баланың ой қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады. Қазақ ертегілері өзінің тақырыптары, көтерген мәселелері, мазмұнына байланысты қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, шыншыл ертегілер болып бөлінеді. Қиял-ғажайып ертегілердің оқиғасы қиялға, фантазияға құрылады, өмірде болмайтын нәрселер туралы баяндалады. Халықтың қиял-ғажайып ертегілерінен аңшы мергендер, қайраты мол ер жігіттер мен қатар еңбек адамдарының да ерліктері орын алады. Еңбек адамдарының неше түрлі ғажайып жағдайда жасаған ерлік істері, оларға ұшатын кілем, сөйлейтін жануарлар тағы басқа заттар көмектеседі.



Кейіпкерлері қиялдан туған жалмауыз, жез тырнақ, мыстан кемпір, алып дәу және солармен күрескен батырлар болып келеді. Сонымен қатар адамға көмектесетін қанатты тұлпарлар, құстар да қиялдан туған бейнелер. Ертегінің қарапайым кейіпкері арманына жету үшін жолында кездескен барлық кедергілерді ақылмен, айласымен, достарының көмегімен жеңіп отырады. Қиял ғажайып ертегілер:



«Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай», «Ыстатас», «Алтын сақа», «Тас болған шаһар». Тұрмыс-салт ертегілеріне «Бозінген», «Аю, түлкі және қойшы», «Арыстан мен кісі» сияқты шағын, тәрбиелік мәні зор ертегілер жатады. Жан-жануарлар туралы ертегілері барлығымызға жақсы таныс, олардың кейіпкерлері: қу түлкі, қорқақ қоян, озбыр қасқыр. Бұл топқа «Аю, қасқыр, түлкі, бөдене», «Аю, түлкі және арыстан», «Адамның балалық шағы ертегі мен тығыз байланысты.

Ертегілер бізге сонау ерте заманнан келді. Ертегіге біз сенеміз, ондағы оқиғалар кейде өзімізбен болып жатқандай, қорқынышты жерінде көзімізді жұмамыз. Ең негізгісі – бәрі де жақсы аяқталатынына сенеміз. Қазақ халық ертегілері тұнып тұрған даналық.

Ертегі тыңдау арқылы бала оған еліктейді, өзі де ертегінің басқатүрін, ойлап шығарады. Түйсік қабілеттері дамиды. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жасына лайықты, ертегі, жұмбақ жаңылтпаш, әңгіме естіп өсуі – олардың сөздік қорының молаюына, ақыл-ойының жетілуіне дыбыстарды дұрыс айту мәдениетіне әсер етеді. Өйткені, бала ертедегі жақсы кейіпкерге еліктеп батыр, шыдамды, ақылды, кеңпейіл болғысы келеді. Балалардың ең сүйіп тыңдайтын дүниесі – ертегі қайталап айту арқылы баланың сөздік қоры дамиды. Бұрынғы уақытта балалар көбінесе ата-әже бауырында өскен. Олар үлкендердің ертегі, әңгімесін тыңдап, зейін қойып өскен. Ол балалар үлкенге құрмет, кішіге мейірімді, ілтипатты болған. Халқымызда қай тақырыпта да табылатын, тілге жеңіл, жүрекке жылы ти ерлік ертегілері қаншама?! Олар тегілер арқылы бала өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін біледі және ой-өрісі, қиялы дамиды және адамгершілікке тәрбиеленеді. Мысалы: «Жақсы мен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаман мен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа» деген мақалды, «Жаман дос жолдасын жолда қалдырар» деген мақалдарды «Екі дос», «Кедей мен бай» атты ертегі желісінен оқуға болады.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты қызықты ертегі арқылы еңбек адамның кезкелген қиыншылықты жеңуге үйрететінін және өмірлік тәжірибесі арқылы жеңіске жететінін көреміз және «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалды дәлелдей түседі.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісі өте тартымды, қызықты. Бұл ертегіде Мақта қыздың досы мысық мақта қыздың тілін алмай қатығын төгеді де, оны қайтарып беру үшін көптеген сынаққа жолығып, көпқиыншылық көріп барып, қатықты төлей алады. Бұл жерде адамды әрбір іс қимылына жауап беруге, үйренуге қателік тәрбиелейді.

Ертегі баланың ой-өрісін дамытуда үлкен үлес қосады. Жамандықпен жақсылықты ажырата алады, табиғат жайлы ертегілер баланың табиғатқа қамқор болуға; оны аялап қорғауға үгіттейді.

Қазақ ертегісінің ең мол түрі – шыншыл ертегілер. Мұндағы ертегі кейіпкерлері қиял-ғажайып ертегілердегі сияқты қиялдан туған емес, күнделікті өмірден еңбек адамдарынан алынған. Мысалы: «Аяз би», «Тазша бала», «Ұр тоқпақ», «Атымтай



Жомарт» т.б ертегілер жатады.

Ертегіде баяндалатын сан алуан қызық оқиғалар шындықтан гөрі, көбіне қиял дүниесі тудырған. Ғажайып қиял әңгімелері, орасан оқиғалы қазақ әңгімелері, салтпен, тарихпен байланысты оқшау әңгімелер- бәрі де ертегінің түрлері. «Ертегі» деген ат ертеде, ерте күндегі деген сөздерден туған. Кейде «ертек» деп те айтылады. Содан ертегі айтушы-

ны «ертекші», «ертегіші» дейді. Осы атты көп ертегінің басында әдейі айтылып, аумай аталып та отырады. Қазақ ертекшісінің де көптен көп ертегісін: «ертеде бір бай бопты», «ертеде бір ханым бопты», «ертеде бір кемпір мен шал бопты» деп бастайды. Немесе «ерте –ерте ерте екен» деген сияқты көп ертектерге ортақ ерекше өлеңмен басталып келеді. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу-сызу болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіп келді. Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді ертегілер де адам баласының еңбекке, тұрмыс-тіршілік жағдайларына байланысты туған.

Ертегілердің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіне алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құралады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей келе әділдік, үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс табумен аяқталады. Әсіресе адам өміріне байланысты іс-әрекетер өткір сықақ-мысалмен бірігіп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Мысалы: Тазша бала туралы ертегілердегі әке-шешесі жоқ басы таз Тазша атанған баланың тапқырлықтары ханның ақылынан да асып кетеді «Қырық өтірік» ертегісіндегі шындыққа келмейтін қиял-ғажайып оқиғаларды қызықты етіп, баяндау арқылы Тазша бала ханның байлығына ие болып, қызын алады. Ертегіні тыңдаған балалар жағымсыз кейіпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертегіні қызықты етіп





жеткізу айтушының шеберлігіне байланысты.

Кейіпкерлердің бойындағы үлгі алатын қасиеттер.

1. Еңбекқорлық – «Қызыл телпек», «Еңбекқор құмырсқа» ертегілерінде еңбектің маңыздылығы көрсетіледі.

2. Батылдық – «Алпамыс батыр», «Ер Төстік» кейіпкерлері қиындықтардан қорықпайды.

3. Адалдық – «Алтын балық», «Арыстан мен түлкі» ертегілерінде адалдықтың маңызы айтылады.

4. Қайырымдылық – «Қаңбақ шал», «Мақта қыз бен мысық» ертегілеріндегі кейіпкерлер мейірімді.

5. Ақылдылық – «Түлкі мен қасқыр», «Алдар Көсе» ертегілерінде тапқырлық пен даналық көрсетіледі.

Қосымша үлгі аларлық қасиеттер:

6. Сабырлық пен төзімділік – «Ұшқыш кілем», «Қарға мен түлкі» ертегілерінде кейіпкерлер сабырлы болудың маңызын көрсетеді.

7. Достық пен ынтымақтастық – «Үш торай», «Бауырсақ» ертегілерінде достықтың күші мен бірліктің маңызы баяндалады.

8. Шыншылдық – «Жалқау мысық», «Алтын сақа» ертегілерінде шындықты айту және адал болу керектігі үйретіледі.

9. Табандылық – «Кендебай батыр», «Ер Төстік» кейіпкерлері мақсатқа жету үшін табандылық танытады.

10. Қоршаған ортаға қамқорлық – «Шалқан», «Қызыл телпек» ертегілерінде табиғатты қорғау мен жануарларға қамқор болу тақырыбы қозғалады.

Балалармен бірге ертегілерді оқып, олардың мағынасын ашу арқылы жақсы қасиет. Егер бала ертегіні қызыға оқыған болса, ертегі арқылы айналаны қоршаған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік және әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алып, адамгершілік тәрбиесінің бастауларына ден қояды. Ертегінің ұнамды кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін балалар бойына сіңіру,



ұнамсыз кейіпкерлердің жасаған зұлымдықтарынан аулақ болуға үйретуге болады. Мысалы, балаларға арналған арналған ертегілер баланы адалдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Бұл мақсатқа жету өте күрделі жол. Балалардың ой –өрісін кеңейтіп, дүние молырақ танытатын ертегілер бала ұғымын, түсінігін, дүниетанымын кеңейтеді.



Кейіпкерлердің бойынан қандай үлгі аламыз?

Бес ешкі

Тапқырлық

Бауырмалдық

Бірлік

Бір-біріне көмектесу



Сыртандар

Достық

Өзара көмек

Жанашылық

Шыдамдылық

Бағылдық



ҚАҢБАҚ ШАЛ

«БЕД ҚАҢБАҚ» «ЖЫЛ ОРЫС КИНОСЫ»

Тапқырлық

Ақылдылық



Жауапкершілік

Қиыншылықты жеңу



Сауысқан мен көкек...



Еңбекқорлық

Жауапкершілік

Қамқорлық



Ата-бабамыз осы ертегілердің көмегімен өзінің ұрпағын тәрбиелі, инабатты, үлкеннің алдын кеспейтін, кішіпейіл етіп тәрбиелеген. Ал «Керқұла атты Кендебай» сияқты ертегілерден біздің ұлдарымыз ержүрек, батылдылық және жанашырлық қасиеттерге үйренеді. Балалар шет елдің атыс-шабысқа толы мультфильмдерін көргеннен көрі, өзіміздің ата-бабамыздан қалған ертегілерді тыңдап өссе, ертеңіміз жарқын, нұрлы болар еді деп ойлаймын. Барлық балалар ертегі кейіпкерлеріне ұқсағылары келеді, ертегілердегідей ержүрек, батыл, шаһар жұртын аузына қаратқан ақылды ертегі кейіпкері сияқты болғысы келеді. Ертегілер біздің қиялымызға қанат бітіріп, армандарымызды асқақтатады, өмірге құлшындырып, жаңалық ашуға жігерлендіреді. Ертегілер өмір бойғы тәртібімізді, қарым-қатынасымызды қалыптастырады, шыдамдыққа, қайсарлыққа, болашаққа міндеттер қойып, соған жетуге үйретеді. Ертегі ойлау қабілетін, қиялдауға да көп септігін тигізеді. Әсіресе, ертегінің мектеп жасына дейінгі балаға тигізер әсері мол. Бала тұлғасының интеллектуалды-шығармашылық және креативті әлеуметін дамыту мәселесі ғаламдық білім беру кеңістігінің басты міндеттері болып табылады. Қиял-біздің өміріміздің бір қыры. Көз алдымызға елестетіп көрейікші, адамда қиялдау қабілеті болмаса, ғажайып өнер туындылыры, түрлі ғылым жаңалықтары тумаған болар еді. Балалардың дамуы үшін ең алдымен оның қиялдай білу қабілетін дамыту керек. Ал ертегі баланы төзімділікке, шыдамдылыққа, тапқырлыққа, еңбекқорлыққа шақырып, мақтаншақтық пен сараңдықты табалайды. Әділеттілікті қолдап, сезімтал ұяң мейірімді жандарды алдау мен арбаудан қорғайды.

Біз өз балабақшамызда балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, ертегі қойылым, жалпы сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын арттырамыз. Ертегі



қойылымдарын сахналауға үйрету кезеңдерінде балалардың ертегі кейіпкерлерін ойнау арқылы өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілігін арттырамыз. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда баланың жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін театрландырылған қойылымдар мен театрландырылған ойындардың пайдасы зор екенін тәжірибеден көріп отырмыз. Қай бала болмасын, әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Сондықтанда әр баланың жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуына театрландырылған ойындар арқылы да жетілдіруге болады.

Қорыта келгенде, тәрбиеленушілер ертегіні тамашалай отырып және жұмыс жасай отырып, мынадай нәтижеге қол жеткіздік:

Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз қасиеттерін айыра білу қабілеті дамыды;
- бір текті ұғымдарды салыстырып, ұқсастықтары мен даралық қасиеттерін өз жастарына сай ажырата білуді үйренді;

-ойлау тәсілдері, оның ішінде жұптасып, топтасып ойлау қасиеттері дамыды;

-кейіпкерлерді сипаттау арқылы бұрын таныс емес сөздерді үйренді;





БОРАНБАЕВА БЕКЗАТ ТАЛАСПАЕВНА,
тәрбиеші, педагог

«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»

Халқымыз ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші өсе келе соған белсенді қатынасушы келесі кезенді үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Ұлттық ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Мақсаты: Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өрісі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, зейіндерін жылдам меңгеруге ықпал етеді. Сан алуан ұлттық ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуге күш-жігерін жұмсай білетін төзімділікке тәрбиелеуде ерекше мәні бар.

Міндеттері: Ең бастысы ойын барысында баланы жанжақты ойлануға, өзгелердің пікірімен санасуға, ортақ тіл табысып, тез арада шешім қабылдауға, ойынды шыншыл ойнауға, адал болуға, жалған сөйлемуге, жанашырлыққа, кешірімді болуға баулу қажет. Тәрбиеші балалардың физиологиялық, психологиялық, ерекшеліктерін есте ұстап, ұлттық қозғалыс ойындарын балабақша өмірінде жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыра білгені жөн. Ойын жас ерекшеліктеріне сай келмесе, кері әсерін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар ойындар баланың белсенділігін арттырып, тәртібіне де оң әсерін тигізеді, өзіне де баға бере алады. Әрбір ойын – балалардың адамгершілік жолындағы бір көтерілер баспалдағы секілді.

Өзектілігі: Ұлттық ойын – елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың құралы. Баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз процестің жалғасы. Жас ұрпақтың қалыптасып, өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты – халықтың ұлттық ойындары болып табылады. Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып, адамдық қасиеттерді ұғындыру, қалыптастыру болып табылады. Ұлттық ойындар - ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, ұлттық ойындарды үйренудің, күнделікті пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор.



♦ **«Ханталапай» ойыны** балалардың күшін сынауға, шапшаңдылыққа, ерік-жігерін қайрауға және тәртібін бақылауға бағытталған.

Ойын шарты: Ойын үшін асықтар саны тақ болуы тиіс. Әдетте ол ойнап жатқан адам санына қарай өзгертіледі.

Ойын асықтарының ішінде біреуі “хан” сайланады, әдетте ол асық өзгелерден ірі, ішіне қорғасын құйылған немесе қызыл түске боялған болады.

Ойынды кім бастайтынын анықтау үшін “ханды” ойыншылар кезекпен иіреді. “Хан” алшы түскен алғашқы ойыншы, ойынды бірінші бастайды.

Екі алақанына барлық асықты толтырып, салып ортаға шашады. Сонан соң бірдей түскен асықтарды бір біріне атып жинап алады. Ойыншы көздеген асығы оғат кетіп не мүлде тимей қалса, ойын кезегі келесі ойыншыға ауысады.

Ойыншы асықтарды шашқан кезде “хан” алшысынан түссе, барлық ойыншылар ортадағы асықтарды “талап” алады. Ойын атауы да осыдан шыққан. Ойын кезінде басқа асықтарды ату кезінде асықтар “ханға” тиіп кетсе, ойыншы жинап алған барлық асықтарын қайта ортаға салады.

“Ханды” тек басқа асықтарды атып болған соң, не ойын алаңында жатысы сай келген тек “хан” мен тағы бір асық қалған кезде ғана атуға болады.

Ойынның келесі кезегі “хан” асығы кімде қалғаны бойынша анықталады.

♦ **«Теңге алу» - ұлттық ойын.**

Ойынның шарты: Ойынға қатынасушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әрқайсысы жеке-жеке шыбықты «ат» қып мінеді. Ойынды бастаушы жүргізеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі екі шеңбер сызылады. Шеңберге он-оннан қапшық салады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады да, сызыққа келіп, қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шеңберге жетіп тасты іліп алып, әрі өтіп кетеді. Шеңбердің тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған қапшықтарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.





Ойын жылдамдықты дамытып, тез әрі дәл әрекет етуді үйретеді.

◆ **Арқан тартыс ойыны - ұлттық ойын.**

Ойынның шарты: ойынды жазда көгалды алаңда, спортзалда өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 6—6 адам болуы мүмкін, арқанның ұзындығына байланысты және ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады. Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады.




Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, топтық іс-әрекетке тәрбиелейді.

Нәтижесі: Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет — ойын. Ұлттық ойындар ата-бабамыздан бізге жеткен, өткенімізбен бүгінгі байланыстарымыз — баға



жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Ұлттық ойындар балаларды шапшаңдыққа, алғырлыққа, батылдық пен жүйріктікке, елін, жерін қорғауға, салт-дәстүрін қастерлеуге тәрбиелейді.

Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше нәр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәтте естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!



ЕСЛӘМҒАЗИ АЙДАНА ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ
тәрбиеші, педагог

Ұлттық тағам-ырысым

Міндеті: Балаларды ұлттық тағамдардың түрлерімен таныстырып, олардың жасалу жолдары мен қандай еңбекпен келетінін түсіндіру. Қазақтың ұлттық тағамдары арқылы халқымыздың асқа деген құрметін ұғындыру, тағамға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Балаларды ұлттық құндылықтарды бағалауға, үлкендерді сыйлауға, дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық тағамдардың атауларын дұрыс меңгертіп, сөздік қорын молайту. Сөздерді дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлеуге баулу. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер:

Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрнекілікпен таныстыру, түсіндіру, дидактикалық ойын

Көрнекіліктер:

Ұлттық тағамдардың суреттері, құрт, қаймақ, ірімшік, бауырсақ, қазы-қарта, шұбат, қымыз және т.б.

Шаттық шеңбері:

Тәрбиеші: Балалар, барлығымыз назарымызды маған аударайық. Біз қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы қызықты мағлұматтар аламыз. Алдымен «Шаттық шеңберін» құрайық.

Балалар бірге айтады:

Қайырлы таң, достым!

Қайырлы күн болсын!

Аптаның әр күні

Сәттілікке толсын!

Балалар орындарына отырады.

Тәрбиеші: Балалар, тақтаға назар аударайық. Мына суреттерде төрт түлік мал бейнеленген. Біздің халқымыз осы малдардың өнімдерінен көптеген ұлттық тағамдар дайындайды. Қане, кім бұл малдардың атауын атап береді?

Балалар: (Суретке қарап жауап береді)

Тәрбиеші: Өте жақсы! Енді ұлттық тағамдардың түрлерімен танысайық.

Ұлттық тағамдар:

- Балқаймақ – айраннан немесе қаймақтан жасалады.
- Құрт – сүттен жасалатын қатты тағам.
- Шұбат – түйенің сүтінен жасалатын қышқылтым сусын.
- Қымыз – жылқының сүтінен жасалатын дәруменге бай сусын.
- Ірімшік – сүттен дайындалатын қатты тағам.
- Бауырсақ – ұннан майға пісірілетін ұлттық нан.
- Қазы – жылқы етінен дайындалатын тағам.
- Қуырдақ – еттен жасалатын тағам.
- Ежегей – жаңа төлдеген малдың уызынан дайындалатын тағам.



Тәрбиеші: Балалар, алдарыңыздағы ыдыстарға құрт пен балқаймақты дұрыс орналастырайық. Құртты бір бөлек, балқаймақты бір бөлек қою керек. Кәнекей, іске кірісейік! (Балалар тапсырманы орындап, жұмыстарын көрсетеді. Тәрбиеші мадақтау сөздерін айтады).

Балалар, енді мына суреттерге назар аударайық.

(Тақтаға ұлттық тағамдардың суреттері ілінеді. Балалар әр тағамның атауын қайталап айтып шығады).

Тәрбиеші: Балалар, ұлттық тағамдар – ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Қазақ халқы асты ерекше қадірлеген, әр тағамның өзіндік маңызы бар. Сондықтан біз де оларды құрметтеп, дастарқанымыздан ұлттық тағамдарды үзбеуіміз керек.

Дидактикалық ойын:

◆ «Дәмін татып атын ата»

Ойын шарты: Балалар көздерін жұмып, тәрбиеші оларға ұлттық тағамдардың бірінің дәмін татып көруін ұсынады. Балалар дәмін татып, оның қандай тағам екенін атайды.


Тәрбиеші: Балалар, қазақ халқы – өте қонақжай халық. Қазақтың дастарқаны әрдайым молшылықта болған. Үйге келген қонақтың алдына міндетті түрде ұлттық тағамдар қойылған. Біз де бүгін үйренген тағамдарымызды есте сақтап, оларды қадірлей білейік.

Дастархан батасы:

Көңіліміз жарық болсын,
Денсаулығымыз мықты болсын.
Ата-анамыз аман болып,
Бақыт, байлық тұнсын, қонсын!
Әумин!

Көңіліміз жарық болсын,
Денсаулығымыз мықты болсын.
Ата-анамыз аман болып,
Бақыт, байлық тұнсын, қонсын!
Әумин!





БАЯКЕНОВА АИДА КУДАЙБЕРГЕНОВНА
тәрбиеші, педагог

Ұйымдастырылған іс – әрекет

Тақырыбы: Ұлттық тағамдар

Міндеті:

1. Балаларға қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсінік беру.
2. Ұлттық тағамдардың атауларын, жасалу жолдарын үйрету.
3. Тағамдарға деген қызығушылығын арттырып, ұлттық мәдениетке құрмет сезімін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Ұлттық тағамдардың суреттері, (бауырсақ, құрт, қымыз, ірімшік), олардың аттары жазылған карточкалар, плакаттар, қағаз, бояу, қылқалам интерактивті тақта.

Тәрбиешінің іс – әрекеті: Балаларға ұлттық тағамдар туралы қысқаша мәлімет береді.

I. Ұйымдастыру кезеңі: Тәрбиеші балалармен амандасып, оларды жылы шеңберге жинайды. Балаларға ұлттық тағамдар туралы жұмбақ жасырады.

Жұмбақ: «Аппақ болып қазаннан,
Дәмді болып шығады.
Қаймақ қосып аламын,
Шәймен бірге жұтамын»



(Айран)

Балалар жұмбақтың жауабын тауып, өз ойларымен бөліседі. Тәрбиеші бүгінгі тақырыпты хабарлап, оның маңыздылығын түсіндіреді.

Танысу және кіріспе:

Тәрбиеші: Балаларға ұлттық тағамдар туралы сұрақтар қояды және олардың атауларын айтып өтеді.

Балалар: Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді және өздері білетін ұлттық тағамдарды атайды.

II. Негізгі бөлім:

Тәрбиеші балаларға ұлттық тағамдар туралы әңгімелеп береді:

– Қазақ халқының ұлттық тағамдары – ата-бабамыздан мұра болып қалған асыл құндылықтар.

- Сүт өнімдері: қымыз, шұбат, айран, құрт, ірімшік.
- Нан өнімдері: бауырсақ, шелпек.
- Ет тағамдары: қазы, қарта, жал-жая.

Тәрбиеші балаларға тағамдардың жасалу жолдарын түсіндіреді. Балалар мұқият тыңдап, өз ойларын айтады және сурет арқылы көрсетеді.

Сергіту сәті: Балалар «Бауырсақ» әнін бірге айтып, қимыл-қозғалыстар жасайды.

Практикалық тапсырма: Тағам үлгісін жасау



Тәрбиеші: Балаларға қарапайым ұлттық тағамның қалай жасалатынын көрсетеді. (мысалы, бауырсақтың макетін жасау).

Балалар: Өз қолдарымен берілген тапсырманы орындайды.

Дидактикалық ойын:

♦ «Не қайдан жасалады?» Тәрбиеші белгілі бір тағамның атын атайды, балалар оны неден жасалатынын табады:

- Құрт – сүттен
- Бауырсақ – ұннан
- Қымыз – бие сүтінен
- Қазы – жылқы етінен



1-тапсырма: Сәйкестендіру. Қазақтың ұлттық тағамдарының атауларын олардың сипаттамасы арқылы суретімен сәйкестендіру. Сипаттамаға сәйкес тағам атауын табу қажет.

Балалардың әрекеті: Балаларға сәйкестендіру жұбын табу ұсынылады. Олар ұлттық тағамдардың атаулары мен сипаттамаларын сәйкестендіруі тиіс.

2-тапсырма: «Аяқталмаған сөйлемдер» ойыны (Балалар сөйлемнің екінші сыңарын логикалық тұрғыдан дұрыс аяқтауы керек).

Қазақтың ең танымал ұлттық тағамы - ...

Қымызды ... ашыту арқылы алады.

Наурыз көже ...

Шұбат - бұл ...

Құртты ... арқылы жасайды (бауырсақ, бие сүтін ашыту, жеті түрлі тағамнан жасалады, түйе сүтінен жасалатын сусын, сүтті қайнату).

III. Ұлттық тағамдарды тану. «Кім жылдам?» дидактикалық ойыны.

Қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру қажет. Жауабы дайын бала қоңырауды бірінші болып басады.

1. Қазақтың ұлттық тағамы бешбармақ қалай жасалады?

(Ет, қамыр, картоп)

2. Қандай тағам Наурыз мейрамы кезінде жиі кездеседі?

(Наурыз көже)

3. Наурыз көже неше түрлі тағамнан тұрады?

(7 түрлі)

4. Шұбаттың негізгі ингредиенті қандай?

(Түйе сүті)

Қорытынды бөлім:

Тәрбиеші балалардан ұлттық тағамдар туралы не білгенін сұрайды. Балалар өз ойларын ортаға салып, тағамдардың денсаулыққа пайдасы туралы айтады. Іс-шара ұлттық дастарқаннан дәм татумен аяқталады.





Рефлексия:

- ◆ Балалар, біз бүгін не туралы айттық?
- ◆ Ұлттық тағамдар туралы
- ◆ Қандай ұлттық тағамдармен таныстық?

Сүт өнімдері: қымыз, шұбат, айран, құрт, ірімшік.

Нан өнімдері: бауырсақ, шелпек.

Ет тағамдары: қазы, қарта, жал-жая

Күтілетін нәтиже:

◆ Балалар ұлттық тағамдардың атауын біледі.

◆ Олардың жасалу жолдарын түсінеді.

◆ Ұлттық дәстүрлерге қызығушылық танытады.



САПИЕВА АЙЖАН СЕРИКПАЕВНА,
тәрбиеші, педагог

«Салт-дәстүрім салтанатым»

Қазақ халқының салт-дәстүрлері ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған рухани және мәдени мұра болып табылады. Бұл дәстүрлер қазақ қоғамының өмір салтына, шаруашылығына, дүниетанымына, тарихи оқиғаларына және әлеуметтік құрылымына байланысты дамыды. Қазақ халқының салт-дәстүрлері – ұлттық болмыстың айқын көрінісі. Олар халықтың өмір салтының, дүниетанымының, тарихи және мәдени дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Бүгінгі таңда бұл дәстүрлер қайта жаңғырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда. Тарихи мұрамызды сақтау – болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Қазақ халқының негізгі салт-дәстүрлері

Отбасылық дәстүрлер:

Бесікке салу – жаңа туған нәрестені бесікке бөлеу рәсімі.

Тұсау кесу – сәбидің алғашқы қадамын жасағанын атап өту.

Құда түсу – екі әулет арасындағы құдалық қатынасты бекіту.

Беташар – жаңа түскен келінді елге таныстыру.

Қоғамдық дәстүрлер:

Қонақжайлық – қазақ халқының ең басты ерекшеліктерінің бірі.

Ас беру – қайтыс болған адамның рухына арнап берілетін ас.

Наурыз мейрамы – көктем мерекесі, табиғаттың жаңаруын атап өту.

Рухани-мәдени дәстүрлер:

Киіз үй тігу – қазақтың дәстүрлі баспанасын құру рәсімі.

Ұлттық ойындар – көкпар, бәйге, қыз қуу, асық ату.

Айтыс – суырып салма ақындардың өнер жарысы.

Саятшылық – аңшылық дәстүрі, құсбегілік өнері.

Балаларға салт-дәстүрлерді дәріптеу – олардың ұлттық мәдениетке, ата-баба мұрасына деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірудің маңызды жолы. Мұны жүзеге асыру үшін бірнеше әдісті қолдануға болады:

1. Ойын арқылы үйрету

Балалар ойын арқылы жақсы қабылдайды. Мысалы:

«Кім жылдам?» ойыны арқылы қазақтың ұлттық тағамдарын таныстыру.

«Жеті ата» ойыны – ата-баба шежіресін үйретудің тиімді жолы.

«Қонақжайлық дәстүрі» рөлдік ойыны – баланы үлкендерді сыйлауға, меймандостыққа баулиды.

2. Ертегілер мен аңыздар арқылы

Қазақ ертегілері мен аңыздары тәрбиелік мәнге толы. «Ертөстік», «Алпамыс



батыр», «Қобыланды батыр» сияқты шығармалар балалардың отансүйгіштік сезімін оятады.

3. Мерекелер мен салт-дәстүрлерді іс жүзінде көрсету

Наурыз мейрамында балаларға «Бесікке салу», «Тұсаукесер» дәстүрлерін көрсету.

Ұлттық киімдерді киіп, ұлттық ойындар ұйымдастыру.

4. Шеберлік сабақтары мен қолөнер

Балаларды алаша тоқу, қамшы өру, ою-өрнек салу сияқты дәстүрлі өнерлерге баулу – олардың қазақ мәдениетіне деген құрметін арттырады.

5. Отбасылық тәрбие

Ата-әжелердің әңгімелері, ата-ананың үлгісі – баланың санасына салт-дәстүрді сіңірудің ең тиімді жолы.

Балаларға салт-дәстүрді үйрету – олардың ұлттық рухын көтеріп, болашақта өз мәдениетін құрметтейтін азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Балаларды салт-дәстүрлерді ұстануға тәрбиелеу – олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, қазақ халқының құндылықтарын дәріптеуге бағытталған маңызды процесс. Ол үшін төмендегі әдістерді қолдануға болады:

◆ Отбасылық тәрбие

Балалар ең алдымен отбасында ұлттық тәрбиені қабылдайды. Үйде қазақтың амандасу, қонақ күту, үлкенді құрметтеу дәстүрлерін күнделікті ұстану маңызды. Ата-әжелердің әңгімелерін тыңдату, олардың өмірлік тәжірибесі арқылы өнеге беру.

◆ Салт-дәстүрлерді күнделікті өмірде қолдану.

Балаларға «Ас-судың қадірін білу», «Үлкенге құрмет – кішіге ізет», «Бата беру» дәстүрлерін үйрету. Тұсаукесер, бесікке салу, қыз ұзату, беташар секілді дәстүрлерге қатыстырып, олардың мәнін түсіндіру.

◆ Мектеп пен балабақшадағы тәрбие

Арнайы тәрбие сағаттары, әдеп сабақтары өткізіп, салт-дәстүрлердің маңызын түсіндіру. Ұлттық ойындар, қолөнер сабақтары, театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру.

◆ Ұлттық тағамдарды дайындауға үйрету

Бауырсақ, құрт, қымыз, наурыз көже сияқты ұлттық тағамдарды дайындауды үйрету арқылы қазақтың асхана мәдениетін сіңіру.

◆ Мерекелер мен ұлттық мейрамдарды тойлау

Наурыз мейрамы, Құрбан айт, Сабантой секілді мейрамдарда балаларды белсенді қатыстыру. Мерекелерде төл өнеріміз – айтыс, домбыра тарту, жыр айту сияқты дәстүрлерді көрсету.

◆ Ұлттық киімді насихаттау

Қазақтың ұлттық киімдерінің тарихы мен ерекшеліктерін үйрету, арнайы күндері киіп жүруге дағдыландыру.

◆ Әдебиет пен фольклор арқылы тәрбиелеу

Балаларға ертегілер, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер арқылы ұлттық құндылықтарды үйрету.



Бұл әдістер балалардың бойында салт-дәстүрге деген құрмет пен қызығушылықты қалыптастырып, қазақы болмысты сақтауға ықпал етеді.

Балабақшадағы сәбилердің бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру – олардың туған халқына, тіліне, мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттырудың алғашқы қадамы. Бұл үдеріс күнделікті тәрбиелік жұмыстар мен ойын арқылы жүргізілуі тиіс.

Біздің балабақшада да балаларға ұлттық тәрбиені сіңіру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Соның ішінде мынадай дәстүрлер кеңінен таныстырылды:

- ◆ Бесікке салу – Бұл дәстүр жаңа туған сәбиді бесікке бөлеу рәсімі. Балаларға бесіктің қасиеті мен маңызы түсіндіріліп, көрсетілім ұйымдастырылды.

- ◆ Тұсаукесер – Баланың тәй-тәй басып жүруіне арналған дәстүр. Бұл шарада бала жолы ашық, болашағы жарқын болсын деген тілекпен үлкен кісілердің бата-сы алынды.

- ◆ Наурыз мейрамы – Ұлыстың ұлы күнінде қазақтың ұлттық ойындары ойна-тылып, ұлттық тағамдар дайындалып, балаларға киіз үй таныстырылды.

- ◆ Жеті ата шежіресі-өз ұрпағына жеті атасын үйрету. Балалар жеті аталарын атап, жарысты.





◆ Ат қою – Қазақ халқының жаңа туған балаға ат қою ерекшеліктері таныстырылып, оның мәні түсіндірілді. Осындай шараларды өткізу арқылы балалар ұлттық мұраны терең түсініп, өз халқының салт-дәстүрін мақтан тұтатын болады.

Ұлттық құндылықтарды сәби кезден санасына сіңірген бала өскенде өз халқының мәдениетін құрметтейтін, елін сүйетін азамат болып қалыптасады. Ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету – баланы ұлттық құндылықтарды қадірлеуге, отансүйгіштікке, үлкендерді құрметтеуге баулиды. Біздің мақсатымыз – балалардың бойына халқымыздың асыл мұрасын сіңіріп, оларды мәдениетті, тәрбиелі азамат етіп өсіру.

Балабақшадағы ұлттық тәрбие жұмыстары балалардың рухани дамуына үлкен әсер етеді. Сол себепті, біз бұл бағытта жұмыстарды жалғастыра береміз.





РАМАДИНОВА ШАКАРБАНУ ҚАСҚЫРБАЙҚЫЗЫ
тәрбиеші, педагог

«Мақал – мәтелдер мен жұмбақтар- ұлттық тәрбие бастауы»

Ұлттық тәрбие – әрбір халықтың мәдениеті мен дәстүрлерінің негізі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халықтың рухани байлығын, моральдық құндылықтарын, әдет-ғұрыптарын сақтап, дамытуға ықпал етеді. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің маңызды құрамдас бөлігі – жұмбақтар мен мақал-мәтелдер. Бұл сөз өнерінің түрлері тек қана білім мен ақылды емес, сонымен қатар, адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, достық сияқты қасиеттерді де насихаттайды.

Жұмбақтар – халықтың шығармашылық ойлау қабілетін, логикалық ойлауды, тапқырлықты дамытуға арналған. Олар балалардың зейінін, қызығушылығын арттырып, ой-өрісін кеңейтеді. Мақал-мәтелдер болса, өмірлік тәжірибені жинақтап, халықтың даналығын, өмір сүру философиясын жеткізеді. Мақал-мәтелдер арқылы жастарға өмірдің мәні, адамгершілік құндылықтары, еңбек пен білімнің маңызы туралы терең ойлар мен түсініктер беріледі.

Осы жұмыста жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің ұлттық тәрбиені дамытудағы рөлі, олардың тәрбиелік мәні, жастарға берер сабақтары қарастырылады. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтау мен дамытудағы жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің маңыздылығы, олардың қазіргі қоғамдағы орны мен рөлі талданады.

Зерттеу барысында жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің тәрбиелік әлеуетін арттыру, оларды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану жолдары ұсынылады. Бұл жұмыс ұлттық тәрбиені жаңғырту мен дамытуға, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

«Жұмбақтар мен мақал-мәтелдер арқылы ұлттық тәрбиені дамыту» атты жұмысымызда қазақ халқының бай мәдени мұрасын, ұлттық құндылықтарын және тәрбиелік мәнін зерттеу мақсатында жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің рөлі қарастырылады. Жұмбақтар мен мақал-мәтелдер – халықтың даналығы мен өмірлік тәжірибесін жинақтаған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәрбиелік құралдар. Зерттеу барысында, ұлттық тәрбиенің негіздері, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің маңызы, сондай-ақ, олардың балалардың ой-өрісін дамытудағы рөлі талданады. Жұмбақтар мен мақал-мәтелдер арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін, тіл байлығын, ұлттық сана-сезімін арттыруға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер ұсынылады. Бұл жұмыс ұлттық тәрбиені жаңғырту, жастардың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру, сондай-ақ, қазақ тілінің байлығын насихаттау мақсатында жасалған. Нәтижесінде, жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің



тәрбиелік әлеуетін тиімді пайдалану арқылы ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту жолындағы жаңа көзқарастар ұсынылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Мақал-мәтелдер мен жұмбақтар - ұлттық тәрбиенің бастауы»

Міндеті:

- Мақал түрлерімен таныстыру, ата бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету. Сөз өнері арқылы балалардың дүниетанымын кеңейтуге тәрбиелеу. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

- Мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың ұлттық тәрбиедегі рөлін түсіндіру.

- Балалардың тіл байлығын, логикалық ойлауын дамыту.

- Ұлттық мәдениетті насихаттау.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру

Қажетті құралдар: Мақал-мәтелдер мен жұмбақтарға қатысты дидактикалық дамытушы карточкалар

- «Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін біз мақал-мәтелдер мен жұмбақтар туралы сөйлесеміз. Алдымен, мақал-мәтел дегеніміз не, кім айтады?»

- «Мақал-мәтел – халық даналығы, өмір тәжірибесін көрсететін қысқа, нұсқа сөздер.»

«Мақал-мәтелді жалғастыр?»

Тәрбиеші: Кім маған мақал-мәтелдің жалғасын айтып бере алады?»

- «Досы көпті.....(жау алмайды)»

- «Еңбек етсең ерінбей.....(Тояды қарның тіленбей)»

- «Кітап - білім бұлағы.....(Білім-өмір шырағы)»

- «Бірлік бар жерде.....(тірлік бар)»

- «Су ішкен құдығыңа.....(түкірме)»

- «Бірлік түбі.....(береке)»

Тәрбиеші: Балалар бірлік туралы мақалдың мағынасы неде айтыңдаршы ?»

Балалар: «Бірлікпен, еңбекпен жұмыс істегенде ғана табысқа жетеміз.»





Топтық жұмыс:

- «Енді топтарға бөлінеміз. Әр топқа мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың суреті беріледі. Сіздер оларды тауып, жауаптарыңызды айтыңыздар»

♦ Дидактикалық ойын: «Жұмбақтар шеңбері»

Қажетті құралдар: Жұмбақтар жазылған карточкалар.

Барысы: Ойынның тақырыбын таныстырып, балаларды жұмбақтар әлеміне шақыру.

- «Жұмбақ – біздің ойлау қабілетімізді дамытатын қызықты ойын. Бүгін біз жұмбақтар шешіп, қызықты уақыт өткізетін боламыз!» деген сөздермен балаларды ойынға қызықтыру.

- Балалар шеңбер жасап отырады. Ойын жүргізуші (тәрбиеші) немесе бір бала кезекпен жұмбақтарды айтады.

- Әр балаға жұмбақ беріледі, ол өзінің ойлаған жауабын айтады. Егер дұрыс жауап берілмесе, қалған балалар көмек көрсетуге дайын болады.

Тәрбиеші:- Мен жұмбақ айтамын, ал сендер жауап бересіңдер. Дайынсыңдар ма?

- Иә!

1. Үш көзді батыр, жолды аңдып жатыр.

(бағдаршам)

2. Өзі кірді ашады, суға салсам қашады.

(сабын)

3. Күнде оған қараймын, қара шашты тараймын.

(айна)

4. Қабат-қабат қаттама, ақылың болса аттама.

(кітап)

5. Қыстай жегіп қос атты, көктем шыға босаттым.

(шана)

6. Қардай аппақ, балдай тәтті ақ.

(қант)

7. Таңмен көзін ашады, әлемге нұрын шашады.

(күн)





8. Ұзын мойны, екі ішек, қатар-қатар тепкішек.
(домбыра)

9. Қызыл, сары, жасылды, көкте бір зат асылды.
(кемпірқосақ)


10. Керек санды тересің, елге сәлем бересің.
(телефон)

Тәрбиеші:- Өте жақсы, дұрыс айтасыңдар!»

Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетке барлығың өте жақсы қатыстыңдар.
Мадақтау (жұлдызшалар тарату)

Қорытынды:

Бұл ұйымдастырылған іс-әрекет балаларға мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының дана сөздеріне қызығушылықтарын арттырып, олардың тілдік дағдыларын дамытады. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалар шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдайды, ұлттық құндылықтарды меңгереді.



МУХАМЕТКАЛИЕВА АСАЛОЙ АРТЫКБАЕВНА,
тәрбиеші, педагог

«Құмдағы оюлар»

«Құмдағы оюлар» - бұл балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған ұйымдастырылған іс-әрекет. Мұндай іс-әрекетте балалар құммен жұмыс істеп, түрлі ою-өрнектерді, фигуралар мен композициялар жасайды. Олардың қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіруге, қиялын кеңейтуге және көркемдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Құмдағы оюлар балалармен жұмыс істегенде өте қызықты әрі тиімді әдіс болып табылады. Бұл процесс баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұқыптылыққа, қиял мен ойлауды жетілдіруге септігін тигізеді. Құмдағы оюлар балаларға өз эмоцияларымен бөлісуге және олардың ішкі дүниесіне терең үңілуге мүмкіндік береді.

Балалармен құмдағы оюлар жасау арқылы бірнеше мақсатты жүзеге асыруға болады:

- ◆ Шығармашылықты дамыту: Балалар құммен жұмыс істегенде түрлі пішіндер мен оюларды ойлап табады. Олар өз қиялын еркін пайдаланып, жаңа идеялар мен шығармашылық туындылар жасайды.

- ◆ Ұқыптылық және шыдамдылық: Құмдағы оюлар жасау кезінде балалар егжей-тегжейлі жұмыс істейді, бұл олардың ұқыптылығын арттырып, шыдамдылықты үйретеді.

- ◆ Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін таныстыру: Балаларға қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерін құмға түсіру арқылы ұлттың мәдениетін таныстыруға болады. Бұл оюлар арқылы баланың ұлттық құндылықтарға деген құрметі қалыптасып,





оларды тануға қызығушылық артады.

◆ Эмоционалдық терапия: Құммен жұмыс істегенде балалар өз сезімдерін, эмоцияларын сыртқа шығарып, ішкі күйзелістерін жеңілдетеді. Бұл әсіресе қысым, алаңдаушылық немесе қорқыныш сияқты эмоцияларды жеңуге көмектеседі.

◆ Топтық жұмыстармен серіктестік: Құмдағы оюларды топпен бірге жасау арқылы балалар өзара жұмыс істеуді, бір-бірін тыңдауды, идеялармен бөлісуді үйренеді. Бұл топтық жұмысты дамытуға және әлеуметтік дағдыларды нығайтуға көмектеседі.



Балабақшамызда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Шабыт» жобасы бағытына сүйене отырып ұлттық ою-өрнектерімізді дәріптеу мақсатында «Құм терапиясы» алаңы ашылып, өз жұмысын жасауда. Құмдағы оюлар балалардың физикалық және психологиялық дамуына оң әсерін тигізіп, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға, сондай-ақ қоршаған әлемді түсінуіне көмектесе

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

Міндеті:

- ◆ Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- ◆ Құмды қолдану арқылы балалардың ұсақ моторикасын жетілдіру.
- ◆ Геометриялық пішіндер мен ою-өрнектер арқылы балалардың логикалық ойлауын арттыру.
- ◆ Балалардың назарын шоғырландыру, шыдамдылық пен көркемдік дағдыларын дамыту.

Қажетті материалдар:

Таза құм (мүмкіндігінше түрлі-түсті немесе табиғи)
Ыдысқа құйылған құм (жұмыс үшін)
Қолға арналған құралдар (қасық, қарындаш, щетка)
Геометриялық пішіндер немесе шаблондар
Құмдағы оюлар мен суреттер салуға арналған кеңістік

Іс-әрекеттің өткізілу барысы:

Кіріспе кезеңі (Таныстыру):

Тәрбиеші балаларды іс-шараға шақырады.

Балаларға құммен жұмыс жасаудың негізгі ережелерін түсіндіреді: құмды шашуға, ауызға салуға болмайды, өз жұмыстарын тазалап ұқыпты жасау қажет.

Балаларға бүгін біз «Құмдағы оюлар» атты шығармашылық тапсырманы орындайтынымызды айтады.



Шығармашылық кезең:

Балаларға құм беріледі, әрбір бала өзінің жеке жұмыс орнында орын алады.

Құмды қолмен, құралдармен немесе арнайы шаблондармен пайдалану ұсынылады. Құмға дәстүрлі қазақ оюларын салу.

Балалар қиялдарына ерік беріп, құмға түрлі суреттер, ою-өрнектер салады. Бұл балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Көркемдік талдау және шығармашылық дағдыларды дамыту:

Балалар жасаған ою-өрнектерді, пішіндер мен суреттерді мұқият қарап шығу.

Әр бала өз жұмысын түсіндіріп, неге сол пішінді таңдағанын, қандай ою салғанын айтады.

Тәрбиеші балаларға оюлардың символикасы мен геометриялық құрылымдары туралы қысқаша әңгімелеп береді.

Топтық жұмыс:

Егер балалар тобымен жұмыс істесе, олар бір-біріне көмек көрсетіп, жалпы жұмыс нәтижесіне жетуге тырысады.

Бұл кезеңде балалар өзара пікір алмасып, бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын түсінеді.

Қорытынды:

Балалар жасаған жұмыстары туралы пікірлерін білдіріп, бүгінгі іс-шарадан қандай әсер алғандарын айтады.

Тәрбиеші әр баланың шығармашылығын мақтап, жұмыстарын талқылайды.

Тәрбиеші балаларға келешекте жаңа шығармашылық жобалар жасауға шабыттандырады.

Бұл ұйымдастырылған іс-әрекет балалардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін дамытып, топта бірлесе жұмыс жасаудың маңыздылығын көрсетеді.






Баланың қиялын дамытып қана қоймай, сонымен бірге оның қозғалыс дағдыларын, атап айтқанда ұсақ моториканы жетілдіруге де септігін тигізеді. Құмдағы оюлар іс-әрекеті баланың жалпы дамуына өте пайдалы болып табылады, себебі ол шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды физикалық және әлеуметтік тұрғыдан да қалыптастырады.



**КУТУШЕВА
ГУЛЬЖАН
ЖАМБУЛОВНА**
*воспитатель,
педагог-модератор*



**КУЗНЕЦОВА
СВЕТЛАНА
ИВАНОВНА**
*воспитатель,
I-категория*

«Приобщение дошкольников к истокам национальной культуры через казахские народные игры»

Цель: воспитание патриотизма дошкольников посредством приобщения к истокам национальной культуры через народные игры.

Задачи:

- познакомить детей с национальными казахскими играми;
- развивать интерес к истории, традициям разных народов; поисковую деятельность, творческую активность, коммуникативные навыки; познавательные интересы, любознательность, наблюдательность; связную речь, активизировать словарь детей через народный фольклор;
- вызвать положительные эмоции и чувства детей в процессе познания;
- воспитывать нравственные качества личности (уважительное отношение к старшим, доброта, отзывчивость, справедливость).

Предметно-пространственная среда:

Групповая комната, национальные игры «Асық ату», «Бәйге» «Шертпек», «Кілем жасаймыз», «Оюлар домино», «Шаш өру»,

Ход ОД

Воспитатель: Сәлеметсіз бе, балалар! Здравствуйте, ребята! Давайте все встанем в круг, поприветствуем друг друга: Здравствуй, солнце золотое,

Здравствуй, небо голубое.

Здравствуй, Матушка земля,

Здравствуй, Родина моя!

Воспитатель: Ребята, скажите, пожалуйста, что такое Родина? (Родина - это где ты родился и вырос). Как называется наше государство? (Республика Казахстан). Назовите, символы Республики Казахстан? (флаг, гимн, герб).

Воспитатель: Сегодня хочу вас познакомить с некоторыми традициями и обычаями казахского народа, с их национальными играми.

- Традиции и обычаи казахского народа – это показатель высокой духовной и религиозной культуры. Казахские традиции, связанные с рождением и первым годом жизни ребенка, занимают особое положение среди ритуалов. Их задача – социализировать малыша, привлечь удачу, позаботиться о его здоровье. Фактически первые сорок дней жизни малыша — период его очищения и адаптации. Завершается он особым обрядом — «кыркынан шығару».

Воспитатель:

Для проведения обряда «кыркынан шығару» мы пригласили бабушку-эже. Она



вам покажет казахский обряд.

Бабушка:

Сәлеметсіз бе, балалар! Суть этого обряда его в том, что новорожденного купают и это проводится по особым правилам. Итак, чтобы новорожденный мальчик отличался силой и смелостью, 40 дней ребенку отмечают на 39-й день. Над девочками такие обрядовые действия проводят на 41-й день. Считается, что тогда она будет прилежной и покладистой. Обряд проводят специально приглашенные женщины. Это молодые или пожилые дамы, которые пользуются уважением и имеют хорошую славу.

Суть обряда сводится к тому, чтобы искупать малыша в «ложке воды». Для этого покупают новую чашу и ложку. В ванночку, наполненную теплой водой (желательно соленой, чтобы малыш был крепким и здоровым), кладут 40 серебряных монет (символ достатка) и 40 фасолин (знак долголетия и зажиточности). Предварительно их обдают кипятком, чтобы продезинфицировать. Женщины набирают из купели в чашу 40 ложек воды. При этом они высказывают пожелания ребенку. Желают долгой и счастливой жизни. Считается, что таким образом вода становится носителем позитивной энергии, которая наполнит малыша силами и привлечет к нему удачу. Малыша моют в ванночке, поливая по ложке заряженной водой из чаши, в которой положили монеты и фасолинки. Вытирают и переодевают в новую распашонку. В старую «ит көйлек», которую он носил на протяжении сорока дней, заворачивают сладости. Ее привязывают к шее собаки и разрешают детям поймать пса и разделить вкусное угощение между собой.

Воспитатель: Рақмет әже. Издавна казахский народ, славился своим гостеприимством. Казахский народ всегда был рад гостям и принимал их радостно и приветливо. Они накрывали на стол разные угощения.

- Ребята, а вы знаете, как называется стол у казахского народа? (*Дастархан*)
- Скажите, пожалуйста, а как называется жилище казахов, в которых они живут в степи, когда пасут стада лошадей, овец, баранов? (*Юрта*)





Казахи – кочевой народ – пастухи и охотники, поэтому они используют переносное жилище. *(Обращает внимание на юрту)*. Она очень легко монтируется и разбирается, сделана из легких материалов, поэтому ее легко перевозить. Тем не менее юрта очень теплая, т. к. делается из ковров из верблюжьей шерсти, которые называются кошмами. Внутри юрта тоже устлана коврами. Посмотрите, какие они красивые, с национальным орнаментом.





"Виды орнамента"



Элементы казахского орнамента



Воспитатель: Орнамент состоит из ряда последовательно расположенных элементов. Обязательно соблюдается строгая закономерность, связанная с симметрией и ритмом. Орнамент служит для украшения поверхности какого-либо художественного изделия.


Воспитатель: Поиграем в игру «Домино». Посмотрите, на каждой фишке изображены казахские национальные орнаменты. Вам нужно выстроить цепочку, таким образом, чтобы они соприкасались друг с другом одинаковыми орнаментами.

Элементы казахского орнамента



Воспитатель: Молодцы! Так быстро справились с заданием, какие умнички. Расскажите, какие узоры получились.

Воспитатель: Мы теперь знаем казахские орнаменты и узоры можем украсить ковер, кілем. Сейчас попробуем собрать ковер из национальных узоров. Покажем





и расскажем, какие узоры мы знаем. Располагать узоры нужно симметрично. У каждого будет свой коврик, который он будет оформлять.


(Дети собирают ковер из казахских национальных узоров, соблюдая симметрию на полотне)



Воспитатель: Как красиво получилось! Молодцы! Мы можем украсить юрту нашими красивыми коврами. В юрте будет очень уютно и тепло. Теперь вы знаете как можно украсить ковры из национальных узоров.

- А сейчас предлагаю поиграть в игру, которая называется «Бәйге». Это очень известная казахская национальная игра. Суть игры такова, кто быстрее намотает ленточку и приблизит лошадь к себе, тот победит. Всем понятно правило игры, тогда начинаем игру.

Воспитатель: Замечательно сыграли, какие все ловкие. Молодцы! Следующая игра «Шертпек». Вам нужно расставить все асыки и одним из них выбить, как можно больше асыков. Все выбитые асыки посчитать на казахском языке. Победит тот, кто больше собьет асыков, тот самый меткий.





Воспитатель: Жарайсыңдар, молодцы! Замечательно справились с заданием!

Воспитатель: Ребята, сегодня мы с вами хорошо потрудились. Очень было интересно, познавательно. Вы большие молодцы очень быстро и правильно справлялись с каждым заданием. Какая игра вам больше понравилась? В какую игру вы хотели бы еще поиграть?



МУКАНОВ ЖЕНИС КЕНБАЕВИЧ
*лауазымы : екінші дәрежелі
дене шынықтыру нұсқаушысы*

«Бала мерген»

Өзектілігі: Ойын барысында балалар ата-бабаларының өмірінен, дәстүрлерінен хабардар болып, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарауға үйренеді. Бұл оларға патриотизм сезімін оятып, ұлттық құндылықтарды бағалауға көмектеседі. Садақ ату ойыны балалардың бір-бірімен әрекеттесуіне, достық қарым-қатынас орнатуына және ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын игеруіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, жеңіске жету мен сәтсіздікке дұрыс көзқарас қалыптастырып, балалардың эмоцияларын басқаруға көмектеседі.

Міндеттері:

1. Балаларға садақ ату спорт түрінің негіздерін таныстыру.
2. Қауіпсіздік ережелерін үйрету.
3. Шығармашылық ойындар мен белсенді жаттығулар арқылы дағдыларды дамыту.
4. Ұлттық нақыштағы элементтерді енгізу арқылы балалардың мәдени танымын арттыру.

Мақсаты:

- Садақ ату арқылы балалардың физикалық, зияткерлік және психологиялық дамуын қамтамасыз ету.
- Ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттыру, садақ ату өнері арқылы қазақ халқының дәстүрлерімен таныстыру.
- Балалардың өз-өзіне деген сенімділігі мен жауапкершілігін дамыту.

Қазақ халқының ұлттық ойындары – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Оларды жаңғырту арқылы болашақ ұрпаққа мәдени мұраны жеткізу мүмкіндігі туады. Садақ ату ұлттық ойын ретінде балаларға тарихи және мәдени мұраны үйретудің тиімді жолы болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында





біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында ұлттық дәстүрлі спорт түрлерінің, әсіресе садақ ату мерген ойындарының ерекше рөлі бар. Бұл тек қана спорттық дағдыларды дамытумен шектелмейді, сонымен қатар балалардың рухани-ағартушылық, психологиялық және әлеуметтік қасиеттерін қалыптастырады. Балалық шақ – адамның болашаққа негіз болатын маңызды кезеңі. Дәл осы кезеңде балалардың дене және рухани дамуы, ой-өрісі мен үйлесімділігін қалыптастыру – педагогтардың және ата-аналардың басты міндеті. Осыған орай, садақ ату ойыны балалардың жан-жақты дамуына септігін тигізетін бірегей тәсіл ретінде қарастырылады.

Садақ ату ойынының пайдасы. Садақ ату – ежелден келе жатқан ұлттық спорт түрі және мәдени мұра. Бұл ойын арқылы балалар өз денелерін қимылдауға, шоғырлануға және мақсатқа жетуге үйренеді. Сонымен бірге, ойын балалардың ептілік, қолдың моторикасы және көз бен қолдың үйлесімді әрекеттесуін дамытады. Бұл дағдылар болашақта оқу және жазу сияқты басқа да маңызды іс-әрекеттерге пайдалы болуы мүмкін.





1.1 Дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту

- ◆ Көздің өткірлігін арттыру – нысанаға дәл бағыттау көру қабілетін жақсартады.
- ◆ Қолдың жіңішке моторикасы – садақтың қолға ұстауы, жебелерді басқару біліктілікті дамытады.
- ◆ Тұрақтылық пен тепе-теңдік – дұрыс тұрыс пен адымдау балансты қалыптастырады.

1.2. Психологиялық тұрақтылық пен танымдық даму

- ◆ Концентрация мен сабырлылық – нысанаға дәлдікпен ату үшін тыныштықты сақтау қажет.
- ◆ Мақсатқа бағытталғандық – балалар нәтижеге қол жеткізу үшін жоспар құрады.
- ◆ Стрестен шығу дағдылары – садақ ату медитациялық әсер етеді, ашу-ызаны басқаруға үйретеді.

1.3. Ұлттық-рухани тәрбие

- ◆ Тарихи дәстүрлерді сақтау – садақ ату көне заманнан бері қазақ батырларының негізгі дағдыларының бірі болған.
- ◆ Ерлік пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу – мергендікке үйрету арқылы балаларды табандылыққа, ержүректілікке дағдыландырады.

1.4. Әлеуметтік-коммуникативтік дағдылар

- ◆ Топтық жарыстар арқылы ынтымақтастық – балалар бір-біріне қолдау көрсетуге, бәсекелестікке үйренеді.
- ◆ Әділ ойын принциптері – ережелерді сақтау, жеңімпаздық пен жеңілісті қабылдау тәрбиесі.

Қорытынды

Садақ ату – ұлттық рухты нығайтатын, балалардың физикалық және рухани дамуына ықпал ететін көпқырлы тәрбие құралы. Оны біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес енгізу арқылы ұрпақтың денсаулығын, ұлттық санасын және әлеуметтік дағдыларын бір мезгілде қалыптастыруға болады.



Қорытынды

Ұлттық құндылықтар біздің тарихымыз, мәдениетіміз, салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық ерекшеліктерімізді сақтаушы әрі дамытушы негізгі фактор болып табылады. Олар әрбір халықтың бірегейлігін, тәуелсіздігін және ұлттық өзіндік санасын қалыптастырады. Ұлттық идеяның негізі, ең алдымен, осы құндылықтарды құрметтеу мен оларды болашақ ұрпаққа жеткізу болып табылады.

Ұлттық құндылықтарды балаларға насихаттау арқылы тек мәдени мұраны сақтап қана қалмай, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті және ұлттың келешек ұрпағын тәрбиелейміз. Балаларға ұлттық құндылықтарды игерту негізі оларды өз өмірлерінде қолдануға, ұлттық дәстүрлер мен тілге деген құрметтің пайда болуына көмектеседі. Олардың тұлғалық дамуына да оң әсер етеді, өйткені адамгершілік, патриотизм, өз халқының тарихы мен мәдениетін қадірлеуді үйренеді.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дарыту әрбір отбасынан, балабақша мен мектептен басталып, еліміздің дамуында маңызды рөл атқарады. Ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтау арқылы біз мәдени тұрғыдан байып, ұлттық рухты жоғалтпай, қоғамның бірлігін нығайтады.

Балабақшада *«Ұлттық құндылықтар-ұлттық идеяның өзегі»* жобасы балаларға ұлттық мәдениетті, дәстүрлерді, салт-дәстүрлерді таныстыру арқылы олардың ұлттық санасын оятуды мақсат етеді. Балалар халықтың мәдени мұрасын терең түсініп, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне деген құрметпен өсуі тиіс. Осы жоба арқылы балабақшада балалар қазақ халқының ұлттық ойындары мен түрлі іс-шараларға қатысып, дәстүрлі киімдер мен тағамдар туралы біліп, өз елінің тарихы мен мәдениеті жайында түсінік алды.

Сонымен қатар, балалардың өз халқына деген мақтаныш сезімін арттырып, ұлттық бірегейлігін сақтау қажеттігін игерді.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Отбасы және балабақша» журнал №6(148) қараша-желтоқсан 2020ж.
2. «Қазақтың дәстүрлі тағамдары». – Алматы: ҚазАқпарат, 2021.
3. Бегманова Р. «Балабақшадағы оқу қызметі». – Астана: Фолиант, 2023.
4. Тілеубердиева Г. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту». – Алматы: Білім, 2020.
5. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2020.
6. Жүнісова Г. «Балабақшадағы танымдық сабақтар». – Шымкент: Атамұра, 2021.
7. Ниязова, Г. Ж. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында оқыту әдістемесінің өзгеруі / Г. Ж. Ниязова, У. А. Турсынбеков. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 10 (405). — С. 212-214. — URL:
9. <https://moluch.ru/archive/405/89326/> (дата обращения: 08.10.2024)

